



Сыр бойы

№15-16 (21090-21091) 31 қаңтар, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЕРІКТІЛЕР – ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
ВОЛОНТЕРЛЕР ФОРУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Құрметті еріктілер! Қадірлі қауым!
Баршанызға Волонтерлер форумының ашылуы құтты болсын!
Бұл – шын мәнінде ерекше басқосу. Бәріңіз де бүгінгі форумға еліміздің әр аймағынан келіп жатсыздар. Мен Сіздерді қоғам игілігі үшін қызмет етіп жүрген Қазақстанның нағыз отаншыл, жасампаз және қамқор жастары деп санаймын.

Биыл бүкіл әлем Халықаралық еріктілер жылын атап өтуде. Өздеріңіз білесіздер, бұл бастаманы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының 75-ші сессиясында көтердім. Еліміздің ұсынысы жаһандық ауқымда қолдау тапты. Біз өркениетті ел ретінде күллі адамзатқа ортақ құндылықтарды дәріптейміз, оны келешек ұрпаққа аманат етеміз.

Ерікті болу – игі істер жасау, жақсылық істеп, басқаға үлгі көрсету, Отаныңа адал қызмет ету, туған жеріңе жанашыр болу деген сөз. Ниеті түзу, жаны таза адамдар осы жолды тандайды, еріктілер қатарына қосылып, қажырлы еңбек етеді. Еріктілерді озық ойлы қоғамның айнасы деп айтсақ, артық болмайды. Нағыз волонтер тұтас қоғамның игілігін ойлайтын, еліміздің мұрат-мүддесін биікке қоятын саналы азамат екені сөзсіз. Осы орайда, бүгін мен барша еріктілерге шынайы алғысымды айтамын.

Сіздер барлық игі істің басы-қасында, халқымыздың арасында жүрісіздер! Еліміздің дамуына елеулі үлес қосып келесіздер. Жана ғана бірнеше азамат сөз сөйледі, салмақты ойларын ортаға салды. Ұтымды ұсыныстарын жеткізді. Олардың көбін мен қолдаймын, ең пайдалы ұсыныстарыңызды жүзеге асыруға тапсырма беремін. Халқымыз

«Ақыл – жастан» деп бекер айтпаған. Қазақстанның болашағы – осындай белсенді әрі жігерлі ұл-қыздарымыздың қолында. Бәріңізге «Жарайсыздар!» деп айтқым келеді.

Қазақ – болмысынан кеңпейіл халық. Қиналған адамға қол ұшын беру – ұлтымыздың бойында бар асыл қасиет. Бабаларымыз жақынына жанашыр болуды, табиғатты аялауды адамгершіліктің белгісі санаған. Әрдайым ынтымақ пен бірлікті сақтап, тату-тәтті өмір сүруді ұрпағына өсиет еткен. Ұлы Абай «толық адам» болудың бір шарты – жұртқа жақсылық жасау, шапағатыңды тигізу деген. Сіздер осы өсиетке сай еңбек етіп, «Адал азамат» деген атқа лайықты істерді атқарып жүрісіздер. Әсіресе, сын сағаттарда волонтерлеріміз кез келген шаруаға зор жауапкершілікпен қарап, белсенді жұмыс істеуде. Пандемия кезінде еріктілердің ерлігіне бүкіл ел куә болды. Күрделі кезеңде мыңдаған волонтер алдыңғы шепте еңбек етті. Олар дәрігерлерге, тәртіп сақшыларына, мұғалімдерге, мұқтаж жандарға көмектесті. Алапат тасқын кезінде еріктілер құтқарушылармен бірге ортақ іске атсалысты. Апат күндері 50 мың волонтер табанды жұмыс істеді. Жалпы, мұндай мысалдар аз емес, көп.

Халқымыз «Жақсыны ісінен таны» деген. Сіздер қазақтың мейіран үлт екенін іс жүзінде көрсетіп жүрісіздер. Баршанызға мәлім, мен Мемлекет басшысы ретінде еріктілер қозғалысына ерекше мән беремін. Қазақстан «волонтер болам, қоғамдық іспен айналысам» деген әрбір азаматты қолдайды. Қазір елімізде 1 ұлттық және 20 аймақтық фронт-офис табысты жұмыс істеп тұр. Еріктілердің саны да артып келеді. 2020 жылы Қазақстанда 50

мың волонтер бар еді. Қазір олардың қатары 300 мың адамға жетті. Елге пайдалы жұмыспен айналысатын ұйымдардың саны төрт есеге жуық өсіп, 800-ден асты.

Қазіргі таңда еріктілеріміз экология, білім, мәдениет және басқа да салалар бойынша маңызды бастамалар көтеруде. Соның ішінде «Жас ағаш», «Эко бақылау», «Білім волонтерлері» жобаларын ерекше атап өтуге болады. Осындай іс-шараларға 100 мыңға жуық ерікті қатысты. Әр бастаманың елге, қоғамға берер пайдасы мол. Мен өздеріңіз сияқты жасампаз жастарға зор үміт артамын. Біз бәріміз бір ел болып, ауқымды шаруа атқардық. Енді тоқтамай, тек қана алға қарай жүру үшін заман ағымына сай болу өте маңызды. Сондықтан еріктілер қозғалысын дамытуға қатысты бірнеше өзекті міндетке тоқтайайын.

БІРІНШІ. Волонтерлік қызметте жаңа технологияларды кеңінен пайдалану керек. Мен Жолдауымда Қазақстан үш жыл ішінде толық цифрлық ел болуға тиіс деген міндет қойдым. Соған сәйкес нақты жұмыс істеліп жатыр. Ел өмірінің барлық саласына озық технология тәсілдері, әсіресе, жасанды интеллект жүйесі енгізіле бастады. Еріктілер қозғалысы да бұл жұмыстан шет қалмауы керек. Мен волонтердің цифрлық паспортын жасау туралы ұсынысты толық қолдаймын.

ЕКІНШІ. Халықаралық ықпалдас-тықты арттыру міндеті тұр.

Қазақстан БҰҰ Еріктілер бағдарламасына атсалысып келеді. Бұл біздің азаматтарымызға жаһандық волонтерлік құрылымдарда бірегей тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Еріктілеріміздің осы Бағдарламаға алдағы уақытта да қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Тәжірибе алмасуға және халықаралық деңгейдегі волонтерлік бастамаларды үйлестіруге арналған жаңа платформалар құру қажет деп санаймын. Қазақстан БҰҰ-мен қатар ШЫҰ, АӨСШК, ТМД секілді маңызды ұйымдар аясында еріктілер қозғалысын дамытып жатыр. Мәселен, биыл біздің бастамамызбен Қазақстанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер еріктілерінің алғашқы форумы өтеді. Өздеріңізге мәлім, еліміздегі Халықаралық еріктілер жылы «Орнықты келешек үшін бірге!» ұранымен өтуде. БҰҰ қолдауымен Астанада биыл сәуір айында өтетін Өңірлік экологиялық саммиті аясында волонтерлер үшін арнайы сессия ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бұл іс-шара экология саласындағы үздік волонтерлік жобаларды жүзеге асыруға ықпал етпек. Бұдан бөлек, Каспий теңізіндегі іс-қимыл апталығы мен Арал маңындағы табиғатты қалпына келтіру жөніндегі халықаралық волонтерлік апталық өткізу көзделген. Аталған жиындарға түрлі мемлекеттерден еріктілер шақырылады. Кең-байтақ өңіріміздің қайта-данбас экожүйесін сақтауға бағытталған бұл бастамаларды қолдаймын.

2-бет

/// КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

МАҢЫЗДЫ ӘРІ АҚЫЛҒА САЛЫНҒАН ӨЗГЕРІСТЕР

Конституциялық комиссияның кейінгі күндердегі кезекті отырыстарында қандай ұсыныс-пікірлер айтылғанына шолу жасасақ, Конституциялық сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов Ата Заңға енгізілетін өзгерістердің жиынтық жобасын таныстырды. Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдардан және сарапшылардан түскен барлық ұсыныстың негізінде әзірленді. Бақыт Нұрмұхановтың айтуынша, жаңартылған Конституция жобасында преамбула, 11 бөлім және 104 бап бар. «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» атты екі жаңа бөлім енгізілген. Тағы 4 бөлімнің атауы өзгерді. Жалпы, өзгерістер мен толықтырулар Ата Заңның барлық бөлімдерін қамтып, 77 бапқа түзетулер енгізілді. Бұл Конституция мәтінінің 84%-ын құрайды.



«Ұсынылған өзгерістер – маңызды әрі ақылға мұқият салынған қадам, олар тұжырымдамалық тәсілдерді өзгертіп, құқықтық дәлдікті нығайтып, Конституцияның сапасын арттырады», – деп атап өтті Конституциялық комиссияның мүшесі.

Жиынтық жоба білікті заңгерлер мен лингвистерден құралған жұмыс топтарында қатар пысықталуда. Бақыт Нұрмұхановтың айтуынша, мамандар Конституцияның нормаларын дұрыс жазу, мағыналық сәйкессіздіктер мен қарама-қайшылықтарды, сондай-ақ түсініксіздіктерді болдырмауда үлкен жұмыс атқарды. Жиынтық жобадан ұсынылған новеллалар Қазақстанның конституциялық негіздерін қамтып, оның келбетін түбегейлі өзгерттеді. Бұл түзетулер көзделген институционалдық және құрылымдық реформалар үшін үлкен әлеуетке ие.

«Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау кепілдіктері күшейтіліп жатыр. Президенттік басқару формасын сақтай отырып, мемлекеттік билік құрылымы айтарлықтай өзгереді», – деді Конституциялық сот төрағасының орынбасары.

Сонымен қатар негізгі өзгерістерді де атап өтті: жаңа бір палаталы Парламент моделі енгізіледі, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндіктері кеңейеді, Конституциялық соттың құқық қорғау тетіктері мен Ата Заң негізінде құқық үстемдігін қамтамасыз ету бойынша қызметінің тиімділігі артады. Бақыт Нұрмұхановтың хабарлауынша, конституциялық новеллалар мемлекет миссиясын, оның функцияларының

мәзмұнын, мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынас қағидаттарын жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік береді, азаматтық қоғам институттарын мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуге кеңінен тартуға жол ашады.

Отырыста Қазақстан Конституциясының преамбуласының редакциясы толықтай жаңартылатыны, неке мен отбасы құндылықтары конституциялық деңгейде күшейтілетіні, Халық Кеңесі барлық азаматтардың мүддесін білдіретіні, мемлекеттің біртұтастығы, Қазақстан аумағының тұтастығы, бөлінбейтіні және оған қол сұғылмаушылығы туралы норма өзгеріссіз қалатыны айтылды.

Конституциялық комиссияның бейсенбі күні өткен кезекті отырысында жаңа Ата Заң мәселесін қарар ұсынылды. Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары Дания Еспаеваның айтуынша, жекелеген түзетулер емес, жаңа Конституция қажет. Ал депутат Айдос Сарым пропорционалді жүйені мажоритарлық жүйеге қарағанда айтарлықтай артықшылықтарға ие екенін айтты.

«Конституция жобасында отбасы мен балаларды қорғау күшейтіліп, неке институтын нығайтуға бағытталған жаңа нормалар көзделген» деп атап өткен Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева, «Қазақстандағы білім және тәрбие беру жүйесі зайырлы екенін Конституцияда бекіту қажет» деген Қолданбалы экономикалық зерттеулер орталығының ғылыми жетекшісі Жақсыбек Құлекеев өз пікірлерін ортаға салды.

2-бет

/// ӨНІР ӨНІМІ

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАСАЛҒАН ЖИҢАЗ ЕЛ АУМАҒЫНДА СҰРАНЫСҚА ИЕ

Жақында Қызылордада заманауи жиһаз фабрикасы ашылды. «Панабек» ЖШС бұл салада 20 жылдан астам уақыттан бері еңбек етіп келеді. Өңірдегі мектеп, балабақша, жаңадан ашылған нысандарды жиһазбен толық қамтиды. Сапасы жоғары болғандықтан сұраныс көп. Бұрын жұртшылық сырт елдерден келетін жиһаздарға қызығатын. Бағасы қымбат болса да, тапсырыс беретін. Қазір мұндай сапалы өнім өзімізден шығатыны әрі отандық өнімнің қолдау тапқаны көңіл қуантады.

Кейінгі кездері өңірде заманауи технологиямен жабдықталған өндіріс орны көптеп ашылууда. Олардың қатарында кірпіш, шыны, айнал зауыты бар. Бәрі де автоматтандырылған қондырғылармен жабдықталған. Мұндай өндіріс орнының бірі – жаңадан бой көтерген фабриканың жұмысын көзбен көріп қайту үшін арнайы бардық.

Күнделікті тұрмыста қолданылатын жиһаз қалай жасалады, қандай өнім қолданады, қайда саудаланып жатыр

деген сұрақтарымызға фабрика басшысы Амангелді Панабеков жауап беріп, жұмыс процесімен таныстырды. – Бала кезімнен қолөнерге жақын болдым. Ағашпен жұмыс істеуді әдетке айналдырдым. Мектепті бітіргеннен кейін кәсіптік білім алу үшін колледжде түстім. Одан әрі жоғары оқу орнын заңгер мамандығы бойынша бітірдім. Бірақ жаным жақын ұсталық бәрібір де тартып тұратын. Осылайша кәсіпке қайта келуге бекіндім. Кейін



«Құмкөлге» жұмысқа тұрып, ағаш ұстасы болдым. Көп ұзамай қысқарту кезінде жұмыстан шығып қалдым. Екі қолға бір күрек табу үшін үйдің бір бөлігін шеберханаға айналдырып, тапсырыс қабылдай бастадым. Уақыт өте келе ісім алға басты. Қосымша көмекші алдым. Тапсырыс күн санап көбейді.

3-бет

ЕРІКТІЛЕР – ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

ҮШІНШІ мәселе. Азаматтардың экологиялық мәдениетін арттыру қажет. Бұл – өркениетті қоғамға тән өте маңызды құндылық. Бүгінде еріктілер елді мекендерді көркейтуге белсене атсалысып жүр. Олар былтырдың өзінде «Таза Қазақстан» аясында өткен 1300-ден астам іс-шараға қатысты. Сондай-ақ волонтерлер ағартушылық сипаттағы түрлі бастамаға ұйытқы болды. Осындай игі істер арқылы елімізде жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып жатыр. Бұл бағыттағы жұмысты күшейте түсу керек, себебі экологиялық мәдениеттің жоғары болуы кез келген елдің озықтығы мен жасампаздығының айқын көрінісі. Ал Қазақстан ең дамыған елдердің қатарында болуы қажет, бұл – біздің ұлттық стратегиямыздың аса маңызды бөлігі. Әсіресе, кәсіби эковолонтерлерді даярлап, әр аймақта тұрақты ұжымдарды жасақтау өте маңызды. «Таза Қазақстан» қозғалысын ұлттық идея және мемлекеттік саясат ретінде міндетті түрде кеңінен дәріптеп, жалғастыру қажет.

ТӨРТІНШІ. Волонтерлікті дамыту үшін мемлекет деңгейіндегі жаңа жүйелі шаралар қажет. Биыл еріктілер ісін дамытуға арналған үш жылдық Жол картасын іске асыру мерзімі аяқталады. Сондықтан Үкімет 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтитын жаңа мазмұнды құжат әзірлегені жөн. Бұған дейін қабылданған шаралардың тиімділігіне баға беру және Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне сай волонтерлік қозғалысты нығайту үшін қосымша ынталандыру тетіктерін қарастыру маңызды.

БЕСІНШІ. Корпоративтік еріктілер қозғалысын дамыту – өте маңызды міндет. Бизнес әлеуметтік жауапкершілікті сөзіне білуге тиіс. Мемлекетіміз ұлттық бұржуазияны үнемі қолдауда, ал біздің кәсіпкерлер халқымызға қамқор болып, әрдайым көмектесуі керек. Тарихта мұндай мысалдар аз емес. Бақуатты азаматтар мектеп салып, оқу-ағарту ісін дамытуға үлес қосқан. Кітаптар, газет-журналдар шығаруға, халықтың сауатын ашуға зор еңбек сіңірген. Бір сөзбен айтқанда, ұлттың бойында, болмысында жаңа қасиеттер қалыптастыруға белсене атсалысқан.

Қазір де көптеген жомарт жанды азаматтарымыз бар. Олар қайырымдылық және басқа да әлеуметтік маңызы бар шараларға еріктілерді көптеп тартатын болды. Бизнес өкілдері корпоративтік волонтерлік қызметке назар аударып, осы бағыттағы жобаларға барынша қолдау көрсетуі керек. Қызметкерлердің қоғамдық жұмысқа белсене атсалысуына жағдай жасауы қажет. Мемлекет жұртқа жақсылық жасап, қоғамдық істерге ұйытқы болып жүрген кәсіпкерлерді қолдайды. Сондықтан мен былтыр арнайы «Мейірім» орденін тағайындау туралы шешім қабылдадым. Бұл марапат халықтың қамын ойлайтын отаншыл азаматтарға деген шынайы құрметтің белгісі болмақ.

Қымбатты достар!

Волонтерлер форумы елдің тағдыры, ұлттың болашағы айқындалатын шешуші сәтте өтіп жатыр. Мен былтырғы Жолдауымда алдағы саяси жаңғырудың негізгі бағыттары туралы ұсыныстарымды айттым. Бұл бастамалар қоғамның кең қолдауына ие болды, оны бүкіл ел болып талқылады. Жары жылдан бері конституциялық реформаға қатысты қызу пікірталас жүріп жатыр. Партиялардан, депутаттар мен сарапшылардан, заңгерлер мен қоғам белсенділерінен мыңдаған ұсыныс келіп түсті. Онда мемлекеттің институционалдық негіздерін өзгертуден бастап, Ата Заңның мәтінін редакциялауға

1-бет



дейін, өте көп мәселе қамтылды. Азаматтардың белсенділігін ескере отырып, мен Ұлттық құрылтайдың Қызылордадағы отырысында бірқатар бастаманы жұртшылықтың назарына ұсындым. Оның бәрі бүкіл мемлекетті басқару жүйесін тиімді, орнықты әрі теңгерімді етуді көздейді. Барша әлем өзгеріп, заман бұлыңғыр болып тұрған кәзіргі алмағайып кезеңде, бұл – өте маңызды мәселе.

Халықтан келіп түскен ұсыныстарды жүйелеп, жинақтау үшін Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына барлық аймақтың өкілдері мен түрлі санаттағы азаматтар, халық қалаулылары, орталық атқарушы органдардың басшылары, құқықтанушы ғалымдар, тіл мамандары және белсенді жастар кірді. Қоғам өкілдерін қамту ауқым, кәсібилік пен азаматтық жауапкершілік тұрғысынан алғанда, мұндай комиссия елімізде бұрын-соңды болмаған деп сеніммен айтуға болады. Комиссия жұмысы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне тың серпін берді. Комиссия мүшелері конституциялық реформаға қатысты әр мәселені егжей-тегжейлі қарап, жан-жақты талқылап, ауқымды жұмыс атқарып жатыр. Осыған дейін Комиссияның 5 отырысы өтті. Оның бәрі әлеуметтік желіде тікелей эфирден көрсетіліп, акпарат құралдары арқылы кеңінен таратылды. Мен талқылау барысын мұқият қадағалап отырымын. Осы орайда, Ата Заңымызға қатысты көптеген прогрессивті, инновациялық ұсыныс берілді деп сеніммен айта аламын. Түптеп келгенде мұның бәрі еліміздің Ата Заңына негіз болады. Бұл әлемде қалыптасқан кәзіргі күрделі кезеңде біртұтас Қазақстан халқына бағыт сілтейтін маңызды құжатқа айналады деп сенемін.

Конституция, бұл – кез келген елдің ең басты жол көрсететін құжаты, темірқазығы. Конституцияны біріміз білуіміз керек, бағалауымыз қажет. Сондықтан егер болсаңдар Конституцияға қандай да бір өзгерістер, тіпті шағын өзгерістер енгізу керек болып жатса, ондай қадамды тек референдум арқылы ғана жасауға болады деген ойдамын. Бұл да халқымыздың азаматтық құқығын күшейтудің маңызды тәсілі деп сенемін.

Тағы бір айта кететін маңызды жайт: Комиссия Конституцияға қатысты ұсыныстың бәрін мұқият саралап шықты. Мұқият ойластырылған түзетулер

Конституцияның барлық негізгі бөлімдері мен баптарын, преамбуласын түгел қамтитын болады. Кешегі отырыстағы пікірталаста Комиссия мүшелері «Ата Заңға енгізілетін өзгерістер ауқымына қарасақ, жаңа Конституция қабылдауымыз керек» деген байлам жасады. Шын мәнінде, ұсынылған түзетулер жобасы елді институционалдық-құқықтық тұрғыда жаңғыртумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге бұл қадам тұтас мемлекеттік жүйені қайта түзуге жол ашады. Түбірімен өзгерген, мүлдем жаңа құжаттың бейнесі қалыптасты.

Ата Заңымызда жарқын болашаққа нық қадам басқан бүгінгі Қазақстанның тұғыры өбден бекіген мемлекет ретіндегі идеалдары, қағидаттары мен басымдықтары көрініс табады. Әрине, қолданыстағы Ата Заң Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуына елеулі үлес қосты. Мұны ешкім жоққа шығармайды. Сондықтан былтырғы 30 тамызда Конституцияның 30 жылдығын кеңінен атап өттік.

Комиссия мүшелері ұсынған заңнамалық ережелерде адам құқықтары бәрінен жоғары тұратыны және адам капиталы ең қымбат құндылық екені айқын көрсетілген. Сондай-ақ әр азаматтың өз әлеуетін іске асыруға теңдей мүмкіндік беретін әділ қоғам құруды көздейді. Ғылым-білім, инновация салаларын дамытудың маңызына ерекше назар аударылып отыр. Жаңа тарихи кезеңде еліміздің цифрлық дәуірге бейімделуі жеткіліксіз. Жасанды интеллект және басқа да озық технологиялар біздің қоғамға қызмет етуі қажет. Сондықтан даму көшінің бағытын нақты айқындауымыз керек. Ата Заңымызда адамгершілік құндылықтарды ерекше, бөлек жазу ұсынылды. Бұл да – өте маңызды. Басқаша айтқанда, адам жасанды интеллектке қызмет етпейді, керісінше, адамзаттың ақыл-ойынан туындаған жасанды интеллект тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында толайым табысқа жетуі үшін азаматтарға көмектеседі.

Конституцияда гуманитарлық құндылықтарды қалыптастыру маңызды деп санаймын. Атап айтқанда, жалпы-ұлттық бірегейлікті нығайтуға, табиғатты аялауға басымдық беру жөнінде сөз қозғап отырмыз. Бұл мәселе бүгінгі баяндамашылардың сөзінде қамтылды. Идеяларыңызды қолдаймын. Сонымен қатар бай мәдени мұрамызды сақтауға, дәріптеуге бағытталған волонтер-

леріміздің қызметін де қуаттаймын. Конституцияға енгізілетін өзгерістер еліміздің дамуын жаңа әрі сапалы деңгейге көтереді. Бүкіл мемлекеттік жүйені қайта құрып, билік пен қоғамның ықпалдастығын жетілдіре түседі. Ұсынылған түзетулердің ішінде жауапты әрі жасампаз отаншылдық туралы идея бар. Патриотизм – құр ұран емес. Бұл қасиетті ұғымға жауапкершілікпен қараған абзал. Мен бұл жайында жақында өткен Ұлттық құрылтай отырысында айтқан болатынмын.

Отаншыл азамат дегеніміз – жауапкершілігі жоғары және жасампаз азамат. Мен еліміздегі әрбір еріктіні – баршанымызды дәл осындай нағыз отаншыл азаматтар деп санаймын. Жауапты әрі жасампаз патриотизм идеясы әрбір волонтердің жанына жақын. Менің бұған еш күмәнім жоқ. Әрбір азамат өзінің және қоғамның игілігі жолында күнделікті адал еңбек етіп, әлемді жақсарту түсуге ұмтылуға тиіс. Отанға деген шынайы сүйіспеншілік – осы.

Танымал қоғам қайраткері пастор Мартин Лютер Кинг «I have a dream», яғни «Менің де арманым бар» деген еді. Сондықтан «мына әлемді жақсарту түсемін» деп арманданыңдар. Мұраттарыңызға жетесіздер деп ойлаймын.

Құрметті достар!

Әлемдегі ахуалды көріп-біліп отырсыңдар. Түрлі қақтығыстар мен шиеленістер ушығып, болашақты болжау қиынға соғуда. Соған қарамастан еліміз өсіп-өркендеп келеді. Біз табанды еңбектің арқасында барлық мақсат-мұратымызға жетеміз. Кез келген сын-қатерге төтеп береміз. Өскелең ұрпақтың көзі ашық, көкірегі ояу, ұқыпты, тәртіпті, жинақы болғаны, жақсы мен жаманды айыра білгені айрықша маңызды.

Тағы да атап өткім келеді: мен халқымыздың, әсіресе, жас буынның күш-жігеріне, жасампаз рухына сенемін. Қазақстан – біздің жалғыз Отанымыз, бәріміздің қастерлі мекеніміз. Елімізді ешкім сырттан келіп көркейтіп бермейді. Қазақстанның мықты, қуатты, озық болғаны тек бізге ғана керек. Сүйікті Отанымызды көркейту, яғни Заң мен тәртіп үстемдік құрған, Әділетті, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру – баршамызға ортақ міндет. Осы міндетті орындау үшін біріміз бір қоғам болып еңбек етейік, достар!

Жолдарыңыз әрқашан ашық болсын! Аман болыңыздар!

МАҢЫЗДЫ ӘРІ АҚЫЛҒА САЛЫНҒАН ӨЗГЕРІСТЕР

Мәжіліс депутаты, Аманат партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев Халық Кеңесі Құрылтайдың баламасы еместігін, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Конституцияға «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Заң мен Тәртіп» және «Таза Қазақстан» идеяларын енгізуді атап өтті.

«Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай адвокатураның мәртебесіне қатысты нормалар әлі де нақтылауды қажет ететініне, Мәжіліс депутаты, «Ауыл» партиясы фракциясының жетекшісі Серік Егізбаев бүгінгі реформа тек білімді ғана емес, елдің болашағы үшін жауапкершілік алатын саяси мінезді талап ететініне тоқталды.

Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевтың пайымдауынша, Конституцияда соттың санкциясынсыз ұстау мерзімдерін белгілеу қажет емес. Отырыста депутат Снежанна Имашева жаңа Конституцияның қабылдау нәтижесін орында екенін түсіндірсе, Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров Құрылтай мен Халық Кеңесі халықтың даусын билікке жеткізетін алтын көпір болатынын, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқенов шығармашылықты қорғау жаңа Конституциядағы маңызды норма екенін атады. Комиссияның басқа да мүшелері Ата Заңға енгізілетін өзгерістерге орай ой-пікірлерін айтты.

Кезекті отырыста Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі, Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы Мұрат Тлеумбетов жергілікті өкілді орган – мәслихат төрағаларының атынан сөз сөйледі.

– Әділетті Қазақстанның өзегі – «Заң мен тәртіп» қағидатының Конституциямызда көрініс табуы туралы ұсыныс өзекті. «Заң мен тәртіп» – әр адамның өзіне тиесілі негізгі құқықтарын пайдаланудың қажетті шарты. Заң үстемдігі мен тәртіпке конституциялық пәрмен берілуі – елімізді жаңғыртудың жаңа кезеңіндегі мақсатымызға жетудің бірден-бір факторы. Ұлттық құндылықтарымыз бен елдің идеялық бағдарын Конституцияның кіріспесіне енгізу жөніндегі пікірлер орынды деп санаймыз. Конституция жобасындағы адамның ең жоғары құндылық екені, оның құқықтары мен бостандығын іске асырудың мақсатындағы жаңалықтарды қолдаймыз, – деді М.Тлеумбетов.

Мәслихат төрағасы неке және отбасы құндылығының Ата Заң деңгейінде қорғалатынына, адами капиталды одан әрі дамыту бағыты кеңінен талқыланғанына, бұл заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті игерген адами капиталға сүйенген инновациялық экономикаға кеңінен жол ашатынына тоқталды.

Еске салайық, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде комиссия отырыстарына, жекелеген жұмыс секцияларындағы талқылауларға қатысуда.

1-бет

/// БРИФИНГ

ЖАҢАҚОРҒАНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ЖОБАЛАР ЖЕМІСІ

Өткен жылы Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында тұрақты жағдай қалыптасып, макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім қамтамасыз етілді. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 217,9 млрд теңгені құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 10,5 пайызға жетті. Негізгі капиталға 98,9 млрд теңге инвестиция тартылып, 75223 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Сондай-ақ аудан бюджеті жыл басында 14,2 млрд теңге болып бекітілсе, нақты деңгейі 18,7 млрд теңгеге жетті.

– Мемлекет және облыс басшылығы тарапынан қолдаудың нәтижесінде халықтың әл-ауқаты мен инфрақұрылымға қолжетімділігін арттыру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Былтыр Жаңақорған кентінде 600, Жанаарық ауылында 300 балаға арналған «Келешек мектептері», «Руханиет орталығы», Екпінді ауылдық клубы ел игілігіне айналды. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтарға жататын 124 отбасына баспана кілті табысталса, Төменарықта аурухана, Әбдіғаппар, Бесарықта дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Сондай-ақ аудан орталығында қырық жылдан астам уақыт бойы құрылыс аяқталмаған теміржол үстінен өтетін көпір қайта жаңғыртылып, өткен жылдың ішінде айында іске қосылды, – деді Жаңақорған ауданының әкімі Мажит Самитов.

Арнайы мемлекеттік қордан бөлінген 792 млн теңге есебінен көпбейінді аурухана жанынан қосымша ғимарат салынды. Биылғы қаңтар айында әлеуметтік осал топтағы отбасыларға арналған 80 пәтерлік 40 тұрғын үй ел игілігіне берілді. Оған қоса Келінтөбе ауылында денешынықтыру-сауықтыру кешені жұмысын бастады.



Барлық 35 елді мекен орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылған. Бұл бағытта су көлемін ұлғайту үшін «Тақырқол» бас су қоймасынан екінші желі тартылды. Қазір аудан орталығында жаңадан салынған тұрғын үйлерді ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында қосымша су тарту және желілерді жүргізу жобасы басталды.

– Айта кетсек, аудан көлемінде 1333 шақырым электр тарату желісі жүргізілген. Былтыр электр желісін жаңарту мақсатында 2022-2024 жылдары бөлінген 1,4 млрд теңге есебінен бес елді мекенде жаңғырту, тағы үш ауылда осындай жұмыстар аяқталды. Бұл электр жүйесінің тозуын 45 пайызға дейін төмендетті. Мұндай игілікті істер Манап, Сунаката, Құттықожя, Әбдіғаппар ауылдарында

жалғасын табады. Бізде газдандыру көрсеткіші халық санына шаққанда 52, елді мекендерде 22,8 пайыз. Қазір сегіз елді мекен «көгілдір отын» игілігін көріп отыр. Былтыр тағы 6 елді мекенді газбен қамтамасыз ету мақсатында Жаңақорған кенті аумағынан автоматты газ тарату станциясы салынды. Мұндай жобалар алдағы уақытта жалғасын табады, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ аудан көлемінде жол жағдайы жақсара түсті. Былтыр Екпінді, Әбдіғаппар-Төлегетай-Хорасан ата жолдарына күрделі және орташа жөндеу жасалды. Ал Жаңақорған кентіндегі Хорасан ата көшесі күрделі жөндеуден өтті. Онда жол инфрақұрылымы жақсарып, заманауи жарықшам және аялдамалар орнатылды. Нәтижесінде аудандық маңыздағы автокөлік жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 98,4 пайызға жетті. Биыл бұл мақсатқа 1,8 млрд теңге жоспарланып отыр.

Ауданда тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу мәселесіне назар аударылды. Жаңақорған кенті аумағынан оны сұрыптаушы кешен құрылысы елімізде алғашқы болып осында жүзеге асуда. Қазір сұрыптау кешенінің қондырғысын орнату қолға алынды. Жақын арада елдің игілігіне айналады.

– Былтыр жергілікті диқандар 35 мыңнан астам гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын екті. Оның ішінде күріш көлемі – 7300 гектар. Су тапшылығының алдын алу үшін тиісті іс-шаралар атқарылды. Ұзындығы 43 шақырым 17 канал тазаланды. Бұл жұмыстар биыл да жалғасын табады. Жаңақорғандық еңбеккерлер суды үнемдеу технологиясына мән беріп отыр. Сунаката ауылдық округіндегі «Өмір» шаруа қожалығы 14 гектарға тамшылатын суару әдісімен көкөніс-бақша дақылдарын екті. Сондай-ақ

ауданда 100 гектарға жуық алқапқа су үнемдеу технологиясы енгізілді. Қазірге дейін күріш егілетін 4 мың гектар алқап лазерлік тегістеуден өтті. Мұндай игілікті істер алдағы кезеңде де жалғасады, – деді Мажит Самитұлы.

Аудан әкімінің айтуынша, кәсіпкерлікті қолдау бағытында тиісті іс-шаралар жүзеге асып келеді. Былтыр 324 жобаға 3 млрд теңге жеңілдетілген несие берілді. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 416 млн теңгенің 53 жобасына қаржы тартылды.

– Ауданда білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы жаңартылуда. Апаттық жағдайдағы және үш ауысымдағы мектептер мәселесі толық шешілген. Сондай-ақ 3-6 жастағы балалар балабақшамен толықтай қамтылды. Ал денсаулық сақтау саласында медициналық нысандардың құрылысы қарқынды жүргізілді. Жаңақорған кентінен жаңадан емхана салу үшін демеуші есебінен жоба жасауға көңіл бөлініп отыр. Мұндай игілікті істер мәдениет, спорт салаларында да бар, – деді аудан әкімі.

Былтыр 2,8 млрд теңгенің 5 жобасы іске асты. Атап айтқанда, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізі бойында заманауи қызмет көрсету кешені іске қосылса, «Шалқия-тас» серіктестігі темір-бетон өнімдері және асфальт зауыттары жобасын жүзеге асырды. Оған қоса «Нұрболат» шаруа қожалығы және «Бекарыс Агрофуд» серіктестігінің ет өнімдерін өндіретін мал сою пункттері ел игілігіне айналды.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// БРИФИНГ

АРАЛДА ЖАҢА ЗАУЫТ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ



Арал ауданы үшін өткен жыл жетістікке толы болды. Ауқымды істер атқарылып, жоғары нәтижеге қол жетті. Бұл туралы аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте хабарлады.

– Былтыр негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 53,1 млрд теңге болып, 37,3 пайыз артық орындалды. Салық пен басқа да түсім 106,3 пайыз, оның ішінде аудандық бюджетке түсім 4,9 млрд теңге, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 108,6 пайыз болып, 7 инвестициялық жоба іске қосылады деп жоспарланды. Оның 4-еуі іске асырылып, 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Олар – «Аse Invests» ЖШС-ның тұрмысқа қажетті құрғақ ұнтақтар өндірісі, Сексеуіл жолындағы «Sinooil» ЖШС-ның жанар-жағармай құю бекеті, «Қарашалаң балық» зауыты және «Petro Retail RFS» ЖШС-ның жол бойы қызмет көрсету орталығы. Быыл 3 жоба іске қосылады, – деді аудан әкімі.

Төрт түлік саны артып, 50 мыңнан астам ірі қара, 77 мыңдай уақ мал, 65 мыңға жуық жылқы, 36 мыңнан астам түйе тіркелді. Кіші Арал теңізінің 18 учаскесі, Сырдария өзені және 17 көлден балықтың 16 түрі ауланады, 10 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. Былтыр 6726 тонна балық өңделіп, оның 3475 тоннасы алыс-жақын шетелдерге экспортталды. Бұдан бөлек, балықты сұрыптап қатыратырын және сақтайтын 15-ке жуық цех жұмыс істеп тұр. Шет мемлекеттерге экспортталатын балық өнімi де артқан. Қолдан балық өсіру жұмыстары да қарқынды дамып келеді. Тауарлы балық өсіру, тоған және тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету құрылғылары арқылы 16 шаруашылық балық өсірумен айналысады.

Арал теңізі мәселесіне шетелдіктер мен халықаралық корлардың назарын аудару, өңірдегі экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған маңызды жобалар ел Үкіметінің және аймақ басшысының тікелей назарында.

– Сыр өңірінде туристік аймақ ретінде танылып келе жатқан аудандардың бірі – Арал. Орта Азияда алғаш Geopark Aral туристік орталығы ашылды. Аталған нысан – тек инфрақұрылымдық жоба емес, Арал өңірінің табиғи, тарихи, геологиялық, мәдени және экологиялық бай мұрасын сақтап танытатын, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сай туристік орталық болмақ, – деді аудан әкімі.

Geopark Aral – ЮНЕСКО жаһандық геопарктері-нің қатарына енуге иіетті Қазақстандағы бірден-бір бастама. Жалпы ішкі және сыртқы туризм бағытында келуші қонақтарға 40-қа жуық қоғамдық тамақтану нысаны қызмет көрсетеді. Ішкі және сыртқы туризм бойынша 10 нысан белгіленген. Жыл басынан бері ішкі турист саны 14 мыңнан асса, өзге елден келген турист 900-ге жеткен.

Ауданда құрылыс саласы да қарқынды. Былтыр 39,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Сапалы ауызсу тұтынуда тындырымды іс бар. Мәселен, 4 жоба негізінде 318 шақырым ауызсу желілері тартылды. Қазіргі таңда Ақбасты, Токабай, Ерімбетжаға және Тастүбек елді мекендері орталықтандырылған ауызсу желісіне қосылды. Енді Абай елді мекеніне ауызсу жеткізіледі. Қазір «Арал-

Сарбұлақ» топтық су құбырының 200 шақырымнан астам бірінші желісінің тозу деңгейі 80 пайызды құрап отыр. Өткен жылы осы құбырдың екінші желісін тарту жұмыстары басталды.

Аймақ басшысының қолдауымен «Руханият орталығы» салынды. Сондай-ақ ескірген, күрделі жөндеуге жарамай қалған ескі вокзалдардың орнына жаңа ғимараттар бой көтеруде.

Бүгінде аудан халқының 72 пайызы газбен қамтылған. Жыл басында Арал қаласындағы №4 шағын ауданы, Сексеуіл кенті мен Шижаға елді мекенінің тұрғындары «көгілдір отынға» қосылды. Жақында автоматты газ тарату станциясы ашылып, Қамыстыбас елді мекенінің бір бөлігіне газ берілді. Бұл жоба арқылы 18 елді мекенді кезек-кезеңімен «көгілдір отынға» қосуға мүмкіндік туады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өткен жылғы Жолдауында Аралға қатысты екі жағымды жаңалық жеткізді. Соның бірі – Кіші Арал теңізін сақтап қалу мәселесі болса, екіншісі «Бейнеу-Сексеуіл» бағытындағы автомобиль жолының құрылысын бастау. Қазіргі таңда ауқымды жобаның техника-экономикалық негіздемесі әзірленді. Сексеуіл кенті мен Қосаман, Ақеспе, Ақбасты және Құланды елді мекендеріне жол қатынасы жеңілдеп, тұрғындардың жаңа жұмыс орындарымен қам-тылуына және кәсіпкерліктің дамуына тың серпін береді.

Быыл Қызылорда мен Ақтөбе арасында төрт жолақты жаңа күрежолдың және «Бейнеу-Сексеуіл» автожолының құрылысы бастау алады. Былтыр көлік инфрақұрылымын дамыту үшін тиісті қаражат бөлінді. Нәтижесінде теміржол үстінен салынған көпір халық игілігіне берілді.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Арал қаласы мен Сексеуіл кентінде 300 орындық мектеп салынды. Ақшатау ауылында да 60 орындық мектеп ғимараты және демеушілік есебінен Токабайдағы №248 орта мектебі, Мергенсай ауылында да 150 орындық білім ордасы пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, Арал қаласындағы №14 мектеп-лицейінің көне ғимараты және №№263, 62, 177 орта мектептер жөндеуден өтті.

Денсаулық сақтау саласында да айтарлықтай жетістіктер бар. Сексеуіл кентіндегі 25 тесектік аурухана ел игілігіне табысталды. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Токабай ауылынан соңғы үлгідегі дәрігерлік амбулатория салынды. Арал қаласында «Қамқорлық» ерте араласу оналту орталығы ашылды. Орталық аурухана жанынан 17 тесектік нейроинсульт, 35 тесектік кардиология бөлімшелеріне арналған жап-саржай және жұқпалы аурулар бөлімшесінің де жаңа ғимаратының құрылысы аяқталды.

Арал қаласының «Шанхай», «Жаңауыл» шағын аудандарынан тәулігіне 250 келушіге арналған емхана құрылысының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Енді жобаны қаржыландыру бойынша тиісті жұмыс атқарылуда. Ілкімді істердің арқасында аудандық көпбейінді орталық ауруханасы аккредитация кезеңінде жоғары санатты дәреже иеленді.

Мәдениет пен спорт саласында да серпін бар. Жаксықылышта денешынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілсе, Шижаға ауылында салынып жатыр. Аманөткел ауылында 150 орындық мәдениет үйінің құрылысы бітуге тауау. Сексеуіл кентінен «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының демеушілігімен 150 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» салу жоспары бар. Бұл да оң шешімін тапқан мәселе.

Быыл 8 жоба іске асады. Олар – «Qazaq Camel» ЖШС-ның «Түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығару зауытын салу», «Эко Энерджи Плюс» ЖШС-ның «Арал ауданында автомобиль газ толтыру компрес-сорлық станциясы бар көпфункционалды жол бойын-дағы кешен салу», «Тоғыс-Аралотын» ЖШС-ның «Жоғары сұрыпты ас тұзы өндірісі» және «Арал қаласында мотоцикл құрастыру зауыты» жобасы.

Ең басты әрі жағымды жаңалықтың бірі – кальцийлендірілген сода зауытының құрылысы осы жылы басталмақ.

ШИЕЛІДЕ ЖЕТІСТІК КӨП, ЖОСПАР АУҚЫМДЫ



Өткен жылы Шиелі ауданында ауқымды істер атқарылды. Барлық салада ілгерілеу бар. Бұл туралы аудан әкімі Айтбай Жандарбеков өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтып берді.

Аудан бюджеті 16,5 млрд теңге, оның ішінде кіріс 7,7 млрд теңгеге жеткен. Өткен жылдармен салыстырғанда кіріс көлемі артқан. Бұл – жоғары көрсеткіш.

– Былтыр ауданның экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасты. Өнеркәсіп өнімін өндіру 100,1, өңдеу өнеркәсібі көлемі 100, ауыл шаруашылығы өнімі 101,1, инвестициялар тарту 103,4, тұрғын үй көлемі 100,3, құрылыс жұмыстары 120,3 және бөлшек сауда 104,1 пайыз орындалды, – деді аудан әкімі.

Кәсіпкерлік саласында атқарылған іс көп. Шағын және орта кәсіпкерлік саны 6347-ге жетіп, оның 6164-і жұмыс істейді. Былтыр мемлекеттік бағдарлама бойынша 307 жоба жеңілдетілген несие және грант алды. Сондай-ақ жыл сайын ауданда жүзеге асырылатын инвестициялық жобалардың саны артып келеді. Мәселен былтыр 10 ірі инвестициялық жоба қолға алынды. Олардың қатарында «Тезис» ЖШС-ның қуат-тылығы 40 МВт күн электр станциясы, «VIGOR Holding» ЖШС-ның қуаттылығы 20 МВт күн электр станциясы, «Эко Энерджи Плюс» ЖШС-ның «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» тас жолының бойындағы газ құю бекеті мен сервистік қызмет көрсету кешені, «Ақмая» ІШҚ құршы ақтау зауыты, «Таң ЛТД» ЖШС жүгері дақылын кептіру, терең өңдеу және тағы басқа жобалар бар.

Ауыл шаруашылығы саласында 52,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 101,1 пайызға орындалды. Мал басы еселенді, 30192 гектар жерге егін егілсе, оның 12301 гектары негізгі дақыл – күріш. Әр гектарынан 61,3 центнерден өнім жиналып, 75 405 тонна Сыр салысы қамбаға құйылды. Су тапшылығының алдын алу үшін ерте көктемде 9500 гектар жер лазерлік тегістеуден өтіп, 2100 гектарға дақылдар тамшылатып суару әдісімен егілді.

Ігі бастамалардың бірі кейінгі 4 жылда ауыл шаруашылығы құрылымдарының техника паркi отандық және шетелдік техникалармен толығып, 68,5 пайыз жанарды. Былтыр 33 жаңа техника әкелінді.

2023 жылдан бері «Ауыл аманаты» жобасы іске асып келеді, 145 жоба қаржыландырылды. Одан әрі дамыту үшін демеушілердің қолдауымен «Ауыл аманаты» орталығы ашылды.

Құрылыс үздіксіз салынуда. Тұрғын үй, әлеуметтік нысандар, спорт кешендері ел игілігіне беріліп жатыр. «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде кентте спорт кешені және Бестам ауылында 150 орындық клуб ашылды. Кенттегі «Шығыс», «Ақорда», «Шұғыла» шағын

аудандарындағы жол, электр, су, газбен жабдықтау инфрақұрылым құрылыстарына тиісті қаражат бөлініп, жұмыс басталды.

Брифинг барысында аудан әкімі Жөлекте, кенттің Абай көшесі бойында спорт кешендері салынып, күрделі жөндегенін және Шиелі теміржол вокзалының қайта жаңғыртылып жат-қанын айтты.

Баспанамен қамтуда 2021 жылдан бүгінгі күнге дейін 370 пәтер халық игілігіне берілді. Сондай-ақ әлеуметтік осал топтар үшін 52 пәтер салынып, тұрғындарға баспана кілті табысталды.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау шаралары да жүйелі жүргізілді. Жыл өткен сайын ауданда жол мәселесі де оң шешімін тауып келеді. Кент, ауыл көшелері жөнделіп, қайта салынуда. «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 8 шақырымын қайта құрылымдау жұмысы жүр-гізілуде. Ал «Шиелі-Тайқоңыр» автомобиль жолының 13 шақырымы «ҚазАтомөнеркәсіп» компаниясы демеушілігімен күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қатар Бөйгекұм, Ө.Тәжібаев, Тартоғай, Ы.Жақаев, Алғабас, Бидайкөл елді мекенінің ішкі көшелеріне күрделі және орташа жөндеу жұмысы жүргізілді. «Шиелі-Қарғалы-Байкенже-Жанакорған» облыстық маңызы бар автомобиль жолының 10 шақырымы орташа жөнделген. Жалпы бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі, кезек-кезеңімен атқарылады. Тұрғындар жол сапасының жақсарғанына дән риза.

Кенттегі Есабыз ата және Ө.Молдағұлова көшелерінің қиылысындағы К-4 каналына көпір салу жобасы әзірленуде.

Аудан халқы «көгілдір отынның» да игілігіне кенелген. Жыл сайын газ тартылған елді мекендер көбейіп келеді. Нақты айтар болсақ, 18 елді мекен табиғи газбен, аудан тұрғындары 100 пайыз ауызсумен қамтамасыз етілген.

Кенттегі Шиелі электр жүйесінің қосалқы станциясы толықтай жанартылды. Сұлутобеде «Baikongur Solar» ЖШС-ның қуаты 50 МВт күн электр станциясы жұмыс істесе, жыл басында Елбекшіде «Тезис» ЖШС-ның 40 МВт күн электр станциясы іске қосылды, «VIGOR Holding» ЖШС-ның қуаттылығы 20 МВт күн электр станциясы биыл мамыр айында пайдалануға берілімек. Ауданды жасыл энергиямен қамтама-сыз ету бағытында 110 МВт күн электр өндірілді.

Білім саласында да айтарлықтай жетістіктер мен жоғары көрсеткіштер бар. Биылғы оқу жылында мемлекеттік жалпы орта білім беру ұйымдарында 17992 оқушы білім алуда. Мектепке дейінгі 84 білім беру мекемесінде 3-6 жас аралығында 6020 бала тәрбиеленеді.

Шиелі кентінде 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» салынып, ел игілігіне берілді. Денсаулық саласында жағымды жаңалық көп. Бүгінде 250 тесектік аудандық аурухана, аудандық емхана, 2 ауылдық аурухана, Көкшоқы ауруханасы, 19 дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік-акушерлік бекет, 13 медициналық бекет халыққа қызмет етеді.

Былтыр Ортақшыл, Бестам, Тартоғай, Алмалы, Телікөл ауылында дәрігерлік амбу-латория пайдалануға берілсе, кентте 30 тесектік жұқпалы аурулар бөлімі, көпбейінді орталық аудандық аурухана ғимаратына қосымша блок қосып, МРТ құрылысын орнатуға қаржы қаралып, құрылысы аяқталды. Нәтижесінде МРТ құрыл-ғысы орнатылып, іске қосылды. «Болашақ» амбулаториясы күрделі жөндеуден өтті. Аймақ басшысының қолдауымен ауданда 30 жедел жәрдем көлігі табысталды.

Аудан әкімі мәдениет, спорт, абааттандыру бағытында атқарылып жатқан толымды тір-шілікке тоқталып, алдағы атқарылатын жұмыс-тарды да баяндады.

С.ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАСАЛҒАН ЖИҢАЗ ЕЛ АУМАҒЫНДА СҰРАНЫСҚА ИЕ

2015 жылы есіктің алдынан бөлек цех аштым. Жиһаздың сан түрін жасай бастадық. Цех бастапқы кезде 500 шаршы метр болса, кейін 700 шаршы метрге ұлғайды. Түрлі мекемелердің, мектептер мен балабақшалардың құрал-жабдығын, орындық, үстел, шкаф сынды бұйымдарын жасадық, – дейді фабрика басшысы.

Амангелді Панабековтың бұл салада жүргеніне бүгінде жиырма жылдан асыпты. Тұрақты тұтынушылары да көбейген. Еліміздің түкпір-түкпірінен тапсырыс берушілер де бар. Арал, Қазалы, Жалағаш, Жаңакорған аудандарынан да тұрақты тұтынушылары табылады.

– Ірі кәсіпорындардан тапсырыс түсе бастаған кезде шехты үлкейту ойға келді. Түркістан, Шым-кент қаласындағы ірі жиһаз өндірісі ошақтарын аралап, техникаларын көрдік. Осылайша «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен 2024 жылы жаңа нысан ашу үшін құрылысты бастадық. Былтыр ғимаратты бітіріп, толық жабдықтап, тамыз айында алғашқы тапсырысты қабылдадық. Фабрика аумағы 1,5 гектар болса, нысан іші 3500 шаршы метр. Технология соңғы үлгідегі, толықтай автоматтандырылған. Бренд Кореянікі болғаны-мен, Қытайдан шыққан. Шикізат, яғни ағаш Ресейден тасымалданады. Фурнитураны Қытай-дан, Еуропадан және өзге де елдерден алдырамыз. Шыны – жергілікті кәсіпкерлердің өнімі. Темірге Ресей мен Қарағанды, Шымкент, Алматы сынды қалаларға тапсырыс береміз, – дейді ол.

Жобаның жалпы құны 250 млн теңге, өндіріс қуатын арттыру мақсатында «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталық арқылы 59 млн теңге жеңілдетілген несие алып, қажетті құрал-жабдықтарын түгендеді. Қазір фабрикада 40-тан астам адам еңбек етеді. Үй, кеңсе, мектеп, асхана, балабақша және түрлі әлеуметтік нысандарға арналған жиһаздың барлық түрін шығарады. Кейінгі кездері спортзалға арналған тауарларға да тапсырыс қабылдай бастады.

– Ағаш пен темір бұйымдардың кез келген түрін жасаймыз. Мәселен, «Келешек мектептерін» ұлттық жобасымен салынған 6 мектепті сапалы жиһазбен қамтамасыз еттік. Бұдан бөлек, екі мектептің компьютерге арналған жабдықтарын да жасадық. Енді спортзалға қажетті темірден



жасалатын бұйымды да бастадық. Тапсырыс өте көп, үлгермей жатамыз. Күндіз-түні жұмыс істейтін кездер де болады. Жақында Алматы қаласынан ірі компаниядан тапсырыс алдық. Осы күні Ақтөбе қаласының Шалқар ауданынан да тапсырыс түсіп, іске кірісушіміз. Олар да мектеп жиһаздарын жасауға ұсыныс білдірді. Біздің жылдық қуаттылығымыз да ауқымды. Мәселен, 5 мектепті жиһазбен толық қамтуға болады. Бұдан бөлек шағын тапсырыс берушілер де бар. Оларды да уақытылы жасап беруге тырысамыз.

Сондай-ақ көрме залын жасадық, өзімізден шығатын барлық жиһаздың үлгісін шығарып қойдық. Түрі, түсі мен материалы, сәніне байланысты каталог жасадық. Тұтынушы келіп, түсін таңдап, қалауын айта алады. Сол бойынша

жасап береміз, – дейді Амангелді Панабеков.

Қазір ірі өндіріс орындарының барлығы дерлік заманауи технологиялардың игілігін көруде. Нәтижесінде жұмыс өнімді әрі сапалы атқарылады. Адамның қол еңбегі аса қажет етілмейді. Тек технология тілін меңгеріп, бағдарламаларды дұрыс басқара білсе болғаны. Бұрын дайын өнімге қол жеткізу үшін ұзақ уақыт пен қайта-қайта өңдеу жұмыстары қажет етілсе, қазір бір жылжымалы лента бойында, аз уақыт ішінде шикізат дайын өнімге айналады. Бұл бір жағынан жұмыстың өнімділігін арттырса, екінші жағынан уақытты үнемдеуге болады.

Фабриканың өндіріс орны екі бөліктен тұрады. Бірінде ағаш, екіншісінде темірден жиһаз жасалады. Біз осы процесті көру үшін арнайы жұмыс алаңында болдық. Серіктестік басшысы мұндағы істі былай түсіндірді.

– Қазіргі станоктар автоматтандырылғандық-тан, бұрынғыдай бірнеше құрылғыдан өтпейді. Әрі кетсе 3-4 станок жеткілікті. Мысалы ағаш кесетін болса, арнайы құрылғыға келіп түседі. Оның тиімділігі көп, тапсырыс түскен жағдайда бір кескенде 5 тактаға дейін, яғни күніне 200-250 такта кеседі. Әрі қарай тағы бір станок бар. Одан үшеу алдырдым. Сосын тесетін станокқа жіберіледі. Күніне 3000 деталь теседі. Екінші металл бөлікте лазермен кесіледі. Баяғыдай қолмен кесіп жатпаймыз. Тіпті болт салынатын жерін де тесіп берді. Бұл құрылғы да күніне 300 деталь теседі. Қайыруға арналған станок та бар. Ең бастысы, мұнда жұмысты өндіретін дәнекерлеуші робот бар. Ол 7-8 адамның жұмысын бір мезетте атқарады. Тек темірді салып беріп тұрса болды, күніне шамамен 200 партаны дәнекерлейді. Одан әрі дайын болған жиһазға бояу жағылады. Бойатын құрылғы күніне 150 жиһазға жағады. Бояуды Алматы қаласынан алдырамыз. Белгілі бір кәсіпорынмен арнайы келісіп қойғанбыз. Тапсырыс береміз, жеткізіп отырады. Бояу жағылған зат он минуттың ішінде кептіріліп, дайын өнімге айналады. Кептіруге арналған пеш 200 градусқа қыздырылады, – дейді ол.

Қазір кәсіпкер тек тапсырыспен жұмыс істеуде. Алдағы уақытта сұранысқа ие жиһаздарды дайындауды қолға алмақ. Сондай-ақ тағы да заманауи технологиялар алуды көздеп отыр.

Мәселен, жылжымалы лентаның тиімділігін көркем.

Қазір «Панабек» ЖШС өңірдегі жиһаз өндіретін цехтардың ірісі саналады. Тіпті көршілес облыстардан арнайы келген кәсіпкерлер нысанның құрылысын, құрал-жабдығын, жұмыс істеу процесін көреді. Тиімді тұсын көдеге жаратады.

Бұл фабрика бірден салынған жоқ. Алғашында үй жағдайында бастағаннан жоғарыда келтіріп өттік. Енді алдағы уақытта сатып алатын фурнитуралар, ЛДСП-ны өздері өндірімек. Ол үшін инвестор тартып, солармен біріге отырып шығармақ.

– Қай салада да ізденіс керек. Себебі өндіріс күн өткен сайын жанаруда. Бір ғана мысал келтірейін, осыдан 22 жыл бұрын істі бастаған кездегі құрылғы қазір қолданыста жоқ. Оның орнын заманауи технологиялар алмастырды. Сол себепті дамуға, жаңашылдыққа бет бұрудыамыз.

Отандық тауарөндірушілердің көрмесіне тұ-рақты қатысып тұрамын. Онда өзім секілді кәсіп-керлермен тәжірибе алмасамын. Сырт елдерге шығамын. Олардың да өндірісін көзбен көріп, кемшін тұстар болса жетілдіруге тырысамын. Идея көп, түрлі тың жобалар бар. Енді оны жүзеге асыру алдағы уақыттың еншісінде. Сондай-ақ тапсырыстың көптігіне байланысты кейде үлгермей жатамыз. Өнімдің нысан ала алмайын, қоймаға жинау ойда бар. Ол үшін нысан аударынан кең қойма саламыз, – дейді фабрика басшысы.

Жалпы елімізде жиһаз өндірісі қарқынды дамып келеді. Ірілі-ұсақты кәсіпорын көптеп ашылып, отандық нарықта бәсекеге қабілеттілік артуда. Құрылыстың белсенді жүргізілуіне байла-нысты жиһаз өнімдеріне деген сұраныс та жоғары. Осы ретте «Панабек» ЖШС жоғары сапалы өнімдермен өңір тұрғындарының сеніміне ие болып, экономиканың дамуына тұрақты үлес қосып келеді.

Өндіріс орны «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауында «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Бастысы жаңа кәсіпорынның іске қосылуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, отандық өнім көлемінің артуына, шағын және орта бизнестің дамуына оң әсерін тигізері сөзсіз.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ЖОЛЫ

Адамзат тарихында өзіндік орны бар қасиетті Сыр бойында даналар дүниеге келгені, шығармашылығын әлемге паш еткені тарихтан аян және осы дәстүр әрі қарай жалғаса береді деген ойдамыз. Бастауында текті жердің перзенттері Қорқыт ата, Асан Қайғы, Әбу Насыр әл Фараби тұр. Әрине, дарынды болу оңай емес және биікке көтерілудің өзі екінің бірінің қолынан келе бермейді. Халқымыздың дарынды ұлдарының бірі Есенжол Алияров жетпіс жастың табалдырығын аттады.

Ол 1956 жылы Жаңақорған қыстағында дүниеге келген. Адамның мінезі ең алдымен, ата-бабасынан дарыған қасиетке, бойына ана сүтімен сіңген тәрбиеге байланысты. Есенжол Алияровтың белгілі жастар қайраткері және қоғамшысы болып қалыптасып, өмір бойы адал да таза қызмет істеуіне отбасынан алған тәрбиесінің ықпал еткені даусыз.

Атасы Алияр еңбек ардагері әрі өмірдің мәнін адал еңбектен іздеген адам еді. Ал әкесі Қани Алиярұлы білікті басшы, іскер ұйымдастырушы әрі зиялы тұлға болыпты. Анасы Раба өмірдегі басты мұрат бала өсіріп, солардың қызығын көру деп санаған қазақтың қарапайым, парасатты, ақылды, еңбеккор аналарының бірі еді. Сол ниетіне сай балалары мен немерелерінің қызығын көріп, өмірден өтті.

Болашақ мамандығын таңдауда адамға ортасы, ата-анасы, мектебі, тіпті белгілі бір адамдардың ықпал жасайтыны анық. Табиғатына жақын, тәрбиеңе бейім мамандық таңдау және оны ғылыммен ұштастыру, шынына шығу деген көп адамның қолынан келе бермес. Есенжол алдыңғы толқын ағасы Бірлесбектің ізімен жүріп, өзіне идеал етті. Бұл жолда да жаңылысқан жоқ. Ағасы іспетті Есенжол да аудандағы кітапханаларды қоймай, барлығын оқып шықты десе болады. Ол жылдары техникалық мамандықтарға сұраныс та, құрмет те жоғары еді. Бірлесбек ағасы энергетик мамандығын таңдады, бүгінде ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, елімізге, шетелдерге белгілі энергетик-ғалым.

Есенжол орта мектепті бітірген соң, Қазақ ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, инженер-механик мамандығын алып шықты. Тәуелсіздіктің соң Мәскеу мемлекеттік әлеуметтік университетін заңгер мамандығы бойынша өндірістен қол үзбей бітірді.

Институт бітірген соң, жолдаммен Алматы облысы Талғар совхозында инженер-механик, Октябрь совхозы комсомол комитетінің хатшысы болып еңбек жолын бастады. Қазақстан ЛКЖО Алматы облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысы, Еңбекшіқазақ аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, осы ауданда партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болды. Бұдан соң Алматы облыстық комсомол комитетінің, Қазақстан Жастар одағы орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Жастар тәрбиесімен айналысатын комсомол баспалдақтарынан сатылап көтеріліп, іскерлігімен көптің көзіне ерте түсті. Өртүрлі мінберлерден сөзін естіп, заман талабын сезіне білген, ойы ұшқыр, құлашын кеңінен сермей алатын жас екен деп сыртынан сүйсініп жүрдік. Қалың елдің аманатын арқаулаумен қоса, жастар мүддесін қорғаушы болды. Өз орнына лайық адамға әрқашан сұраныс бар және ол қызметті керек қылғанын емес, қызмет оны керек еткенін байқауға болады.

Есенжол Қаниұлы 1995 жылдан бері кезінде өз бастамасымен құрған «Казинтермол» ЖШС-нің бас директоры. 2007 жылы Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығын, 2011 жылы Саяси зерттеулер ассоциациясын құрып, екеуіне де басшылық жаап келеді, саяси ғылымдар докторы, профессор.

Ғалымның еңбек жолына қарап отырсақ, қандай қиын-қыстау кезең болса да оның жастар проблемасына, ғылымға, саясаттану, әлеуметтану саласына адал болғанын көреміз. Тәуелсіздік алып, ел нарыққа көшіп жатқан кезде, ең тұралаған салалар білім мен ғылым және жастар тәрбиесі болғаны белгілі. Десе де, ісіне берілген Есенжол Алияров сынды азаматтар саланы тастап кеткен жоқ. Қайта болашақ кадрларды дайындауға

барын салды. Осы жылдары «Информационная политика Республики Казахстан в условиях глобализации», «Анатомия казахстанской молодежи», «Совершенствование правовой системы Республики Казахстан и вклад академиков Сартаяева С.С. в становление правового государства» монографияларын, «СМИ и политика» оқу құралын, «Первые руководители комсомола Казахстана» және басқа да сан алуан ғылыми еңбектерді жазуға атсалысты. Қаламынан туған 160-қа тарта ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеудің әрқайсысының көтерген жүгі бір төбе. Ғалым, саясаттанушы, әлеуметтанушы, шебер ұйымдастырушы, ұстаз, тәлімгер, кеңесші, ілтипатты пікірлес ретінде Е.Алияровтың ғылыми көзқарастары мен еңбектері қоғамдық ортада кеңінен белгілі және олар өзінің жаңалығымен, философиялық тереңдігімен, негізділігімен, практикалық мәнімен ерекшеленеді.

Салмақты ой-түйіндерге толы ғылыми еңбектері ағылшын, түрік, ұйғыр және басқа тілдерге аударылып жарық көрді. Есенжол Қаниұлы білікті ғалым-педагог мамандарды аттестаттау мен даярлауға да зор үлес қосты. Гуманитарлық мамандарға ғылыми дәреже беру мен бағалауға арналған ғылыми кеңестердің және әл Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы диссертациялық кеңестің мүшесі ретінде еңбек етіп келеді. Жиындар мен кездесулерді ұйымдастыруда да тәжірибесі мол. Халықаралық саясаттанушылардың жазғы мектебі, I Еуразиялық саясаттанушылар конгресін өткізу шарасының жетекшісі ретінде де биіктен көрінді.

Қазақстанда әлеуметтану ғылымының қалыптасуында оның еңбегі зор, аймақтық болжау, әлеуметтік болжау мен жобалау саласында өзіндік орны бар. Саяси әлеуметтанудың өзекті мәселелерін, соның ішінде заманауи жағдайдағы саяси әлеуметтануды, тұлғаның саяси мәдениетін, адам дамуының критерийлерін, бәсекелестікке қабілетті және инновациялық тұлғаның қалыптасуын, Қазақстан Республикасының тұрақты даму үдерісіндегі әлеуметтік аспектілерін зерттеуші ғалым ретінде танымал. Осы жолдағы бағыты әлеуметтанулық білім мен тәрбие мәселелері, әлеуметтік ғылымды оқу пәні ретінде институционализациялануы, қазақстандық әлеуметтанудың тенденциясы мен әлеуеті салаларына арналған.

Профессор «Комсомолдағы белсенді жұмысы үшін» белгісімен, «Еңбекшіқазақ, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы» деген атақпен, мерейтойлық медальдармен және грамоталармен марапатталған.

Е.Алияров білім саласын жетілдіруге де көп күш жұмсады. Жоғары білім беру жүйесінің өзекті мәселелерін талдап, өз пікірін айтып, даму жолдарын көрсетті. Саясаттану, әлеуметтану, құқықтану мамандығына қамқорлықпен қарайды. Ұзақ жылдар бойы осы мамандықтардың жетіліп дамуына орасан зор еңбек етті. Аты шартарапқа жайылған ғылыми мектеп қалыптастырды. Өзінің мағыналы өмір жолымен, ішкі рухани байлығымен, адами қасиеттерімен, кішіпейілділігімен, еңбекқорлығымен, парасаттылығымен жастарға, ұлкендерге үлгі болып, саясаттанушылар, әлеуметтанушылар ғана емес, білім, ғылым қуған жастардың рухани көсемі, ақылшысы, тәрбиешісі бола білді.

Ендігі бір айтатын сөз – ұстаздық қасиеті. Оның дәрісін тындап, білім алып, маман болып шыққан жастар бар. Бүгінгі күні көрнекті саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың біразы – оның шәкірттері. Ал ғылымдағы ізбасарлары өз алдына бір төбе.

Оның ғылыми жетекшілігімен, көмегімен, қамқорлығымен жазылып қорғалған дипломдық жұмыс және магистрлік, докторлық диссертациялар елуге тартады.

Өз басым Е.Алияровты бұқара-

лық ақпарат құралдары арқылы, мемлекеттік жиындарда, әртүрлі халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда, салтанатты жиналыстарда, ғылыми дәреже беретін диссертациялық кеңестегі талқылауда, жастармен кездесулерде талай рет тыңдап, тәнті болғаным бар. Әсіресе, оны қазақ балаларына отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру, жастардың құқықтарын қорғаудың жаңа механизмдері мен тәсілдерін іздестіру, балалар бойына имандылық пен физиологиялық денсаулық нышандарын орнықтыру мәселелері қатты толғандырады.

Қарапайымдылық пен ұстамдылық, сабыр мен тектілік қандай жағдайда да өз ұстанымын, ойын ашық жеткізуге, әріптестерімен жылы әрі тұрақты қарым-қатынасты сақтауға көмектеседі деп ойлаймын. Сөзге, пікірге талғампаздықпен қарайтын тектілігі тұлғасын биіктете түсетіндей. Болашақ ғылыми зерттеулерге, оқу-тәрбие жұмыстарына бағыт-бағдар сілтеу оңай шаруаға жатпайды. Дегенмен сол жұмысты да күні бүгінге дейін атқарып келеді.

Парасаты биік, жаны дарқан, бір сәтке де тыным таппайтын ерен еңбеккер, көрнекті тұлға, ұлағаты ұстаз, өзіндік өрелі байламы бар өткір ғалым, бұл күнде студенттердің, магистранттардың, докторант пен оқытушылардың, халықтың құрметтісі және беделдісі.

Міндетті түрде айтылатын тағы бір қыры бар. Ол – жанашырлығы, қамқорлығы. Қаншама жыл жанында жүргендердің байқағаны Есенжол Алияровтан «жоқ» деген сөз шықпайды. Шамасы келсе көмектеседі, келмесе ақылын айтады. Жас болсын, кәрі болсын алғыстарын жаудырып, ризашылығын айтып жатады. Мұндай кендік, мырзалық көп адамның қолынан келе бермейді.

Есенжол Алияров – жаны бай, досы көп адам. Өйткені, өзі достыққа берік, адал. «Досым көп болсын десен, өзін дос бола біл» деген қағидағы ұстанды. Алматыда, Астанада, Мәскеуде, Бішкекте, Ташкентте, Минскіде ғалым әрі жайсаң азамат ретінде таниды.

Е.Алияров өзінің шығармашылық қызметінің әрбір кезеңінде алдына жоғары мақсаттар, іргелі, күрделі жұмыстар қояды, ең бастысы, олардың жүзеге асуына қол жеткізеді.

Бойында бар зияткерлік қуатқұшын, қажыр-қайратын тәуелсіз Отанымыздың игілігіне, өркендеуіне бұдан былай да жұмсай бермек.

Міне, ірі ғалым, көрнекті саяси, қоғам қайраткері, жарқын тұлға, абыз профессор Е.Алияровтың өмір жолы мен шығармашылығы осынқдай бай және мазмұнды. Оның өмір жолы ізденіс жолы деуге болады.

Бүгінде Есенжол Қаниұлы Алияров жетпістің арта тастағалы отыр. Сол жетпістің төріне тоқтамай шыққан профессордың әлі берері көп. Өзінің ұзақ жылдар бойғы жемісті еңбегімен, тектілікпен ұласқан парасат-пайымымен, ірі, дара ғалым, ұлағаты ұстаз дәрежелерімен қоса халқының шынайы тілекшісі, ел ағасы дәрежесіне көтерілді. Осы орайда ойға қазақтын Құлагер ақыны Ильяс Жансүгіровтің: «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Елі тегі қайдан алын кемеңгерді» деген екі жол өлені түседі. Шынында, халқына қалтқысыз еңбек етіп жүрген азаматты осылайша ардақтау қашанда абыройлы іс деп ойлаймыз. Ендеше, туған халқының жанашыры, парасатты патриоты, нағыз ұлт зиялысы дәрежесіне көтерілген көрнекті ғалым, дарынды тұлға, профессор, саяси ғылымдарының докторы Е.Алияровты 70 жылдық мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, отбасына аمانдық, табыс тілегеніміз абзал болар!

Раушанбек ӘБСАТТАРОВ,
ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор

Сыр бойындағы білімнің қарашаңырағы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламасының доценті, белгілі әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Сара Бахтиярқызы халқымыз «кемелдік жасы», «ақыл мен парасаттың шыңы» деп бағалаған жетпіс жасқа келді. Ол – тектілік тамырынан нәр алған, парасатты өмірлік ұстанымымен қоғамның дамуына үлес қосып, руханият жанашыры ретінде жемісті еңбек етіп жүрген абзал жандардың бірі.



ТЕКТІЛІКТЕН ТАРАЛҒАН ТАҒЫЛЫМ

Қазақ дүниетанымында жетпіс жас – адамның өмір жолындағы биік белестердің бірі. Жетпіс – тек сан емес, ол өмірлік тәжірибенің, көрген-білгеннің, ұрпаққа қалдырған өнегенің жиынтығы. Абай атамыз «Жас қартайса, ой ойға, көңіл күйге» деп, адамның жасы ұлғайған сайын ойы тереңдеп, дүниеге көзқарасы кемелденетінін сипаттаған. Ал Мұхтар Әуезовтің «Қарттық – кемшілік емес, ол – өмірдің ең үлкен байлығы» дегені бұл жастағы ұрпақ тәрбиелеп, елге қызмет етіп, өмірдің ашы-тұшысын татқан тұлға атанатындығынан хабардар етсе керек.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек пен төккен тердің арқасында алған асу, бағындырған биік, жеткен жетістік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға, ғибратты ғұмыр.

Осындай өнегелі өмір иесі Сара Бахтиярқызы 1956 жылы 1 ақпанда Шиелі ауданы Балаби ауылында дүниеге келген. Сол кездегі №50 Абай орта мектебін үздік бітіріп, Н.Гоголь атындағы институтқа оқуға түседі. Оқу орнын 1978 жылы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын 1978-1992 жылдары орта мектепте мұғалім болып бастайды.

Ата-әжесі өз кезеңінде бақуатты жандардың қатарында болғандықтан, елде байларды қудалау науқаны басталған тұста Наманған өңіріне қоныс аударуға мәжбүр болған. Сол жерде әжесі Бахтияр малдәрігерлік институтта білім алып, елдегі жағдай біршама тұрақталған соң отбасымен бірге туған жеріне оралып, мал шаруашылығы саласында еңбек етеді. Анасы Ырысқұлдың әжесі Ақтобе облысы Темір ауданында райком хатшысы қызметін атқарған. Қыз баланың білім алуына мүмкіндік шектеулі болған кезеңде ол орыс тілінде жеті сыныптық білім алып шыққан. Үй шаруасында болғанымен, өте ісмер, тігіншілік өнерді жетік меңгерген жан еді. Бахтияр мен Ырысқұл төрт перзентінің де зерделі, білімді болып өсуіне ерекше мән берді. Барлық газет-журналды тұрақты алдырып, ұл-қыздарының оқуын, жалғалықтармен дер кезінде танысуын қадағалап отырған. Таным көкжиегі кең, ойы сергек ұрпақ өсіру жолындағы өмірлік қағидалары өз жемісін беріп, олардың өнегелі тәрбиесі ұрпақ сабақтастығының жарқын көрінісіне айналады.

Бүгінде Сара Бахтиярқызы мен Мұрат Бахтиярұлы өз салаларында биік белестерді бағындырып, кәсіби білімі мен адами болмысы арқылы көпке үлгі болып отыр. Бұл жетістіктердің тұптамасы ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігінде, білім мен рухани құндылықты бірінші орынға қойған отбасылық ұстанымында жатыр.

Сара Бахтиярқызы 1993 жылдан бүгінге дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде қызмет етіп келеді. Еңбек жолында оқытушыдан бастап, аға оқытушы, Қылыпбай Алдабергеновтың басшылығы жасаған Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтында тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор, екі оқу орны біріккеннен кейін кафедра меңгерушісі қызметтерін айыроймен атқарып, ұжым арасында жоғары беделге ие болды.

Шәкәрім шығармашылығын зерттеген белгілі ғалым Балтабай Әбдігазизұлының жетекшілігімен 2003 жылы «XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы көркемдік-стильдік ізденістер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми жұмысында Маржан Жұмабаев пен Бернияз Күлейұлының әдеби мұрасын салыстыра зерттеу арқылы қазақ поэзиясының даму заңдылықтарын, көркем ой эволюциясын айқындап, ұлттық рухты ояту, адам жанының ішкі әлемін бейнелеу, азаттық пен рухани тәуелсіздік мәселелерін көте-

ру арқылы замана шындығын поэтикалық биік деңгейде көрсете алғанын және өлеңдеріндегі философиялық ой, ұлттық идея, лирикалық нәзіктік, шынайы сезім мен трагедиялық тағдыр сарынын зерттеген.

Бүгінде бір монография, үш оқулық, жүзден аса түрлі тақырыптағы ғылыми мақаласы халықаралық, республикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарда жарық көрген. «Балалар әдебиеті», «Ақпараттық оқыту технологиясы негізінде заң терминдерін оқыту жолдары» атты оқу құралдары мен бірнеше оқу-әдістемелік еңбегі жастардың жоғары сұранысына ие.

Кейінгі жылдары негізгі ғылыми бағыты ретінде Абайтанудың өзекті мәселелерін қарастырып, «Абайдың дүниетанымындағы адам мәселесі», «Абай және Алаш», «Абай мен Маржан», «Бернияз Күлейұлы шығармаларындағы үндестік», «Абай мен Пушкиннің арасындағы әдеби байланыс», «Абайтанудағы ақтандар мәселесі» тақырыптарында теориялық дәріс оқып, түрлі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы пікір білдіріп жүр.

Оқушы кезінде журналист болуды армандаған, «Өскен өңір», «Білім және еңбек», «Қазақстан пионері» басылымдарында 30-ға жуық мақаласы мен тырнақалды өлеңдері студент қатарына қабылданғанға дейін жарық көрген. Белгілі ұстаз Әли Байжолов кураторлық еткен 114-оқу тобындағы 24 қыздың естеліктері баяндалған «Сағындырған сағым жылдар» атты еңбекте құрбылары Сара Бахтиярқызының өленқұмарлығы, кітапқұмарлығы мен жазуға бейім екенін ерекше еске алады. Сонымен бірге студент кезіндегі болған оқиғаны әрлеп, ішкі сезімдерін әдемілеп түсірген күнделік жазу қабілетіне де жоғары баға береді.

Ғалым әрі ұстаз ретінде қалыптасуында тәлім берген ұлағатты ұстаздардың орны айрықша. Әуелбек Қоңыратбаевтың терең ғылыми зерттеушілік мектебі, Әли Байжоловтың талапшыл да парасатты ұстанымы, Нұрлыбек Жүнісов пен Нұртай Нұржановтың адалдыққа баулуынан өнегесі, Медеуәлі Бимағанбетовтің байыпты пайымы мен Әнес Жакыптың зиялы болмысқа үндеген тәлімі оның ғылыми дүниетанымының берік іргетасына айналды. Сондай-ақ Ибрагим Мұхамбетжанов пен Айнаш Шәмшатованың жанашыр ұстаздық қамқорлығы, ізденіске жетелеген ақыл-кеңесі әдебиеттанудағы сара жолын айқындады. Осындай көрнекті тұлғалардан тағылымды тәрбие мен рухани қолдау көрген өзі де шәкірттеріне ерекше қамқорлық көрсетіп жүр.

Отыз үш жылдық еңбек өтілінен Сара Бахтиярқызы Ахмет Байтұрсынұлы, Қорқыт ата атындағы Алтын медаль, «Үздік ұстаз», «Үздік оқытушы», «Үздік тұлға» медалімен және мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің Алғыс хатымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Бүгінде тұлға Руслан мен қызы Құралайдан тараған немерелердің мейірімді әжесі, шәкірттерінің сүйікті ұстазы, ізінен ерген іні-сінділерінің қамқор апасы. Осындай абыройлы да ардақты болмысы оның адамдық пен ұстаздық қасиетінің біртұтас жарасымын танытады.

Мерейлі жетпіс жасқа толған туған күнін ізбен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, ел құрметіне бөленген баянды ғұмыр тілейміз. Ұстаздық ұлағатыңыз бен ғылыми еңбегіңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңізбен бірге талай қуанышты сәттерге жете беріңіз!

Сағат ТАЙМАН,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры

ТАҒЫМ



Институтты бітіргесін бір жарым жылдан соң, жетпісіңші жылдың қаңтарында облыстық күріш тәжірибе стансасына ғылыми қызметкерлік жұмысқа тұрдым. Көктем шығысымен егіс басында, күннің астында, желдің өтінде жүріп, топырақ қайрап шаң жұтып, батпақ кешіп ғылым қуамыз, білім іздейміз. Міне, сол заманда Қарауылтөбе қыстағында Алтынбек Ернazarұлымен таныстым. Сол жылы еліміздің бас оқу орны Қазақ мемлекеттік университеті аспирантурасына түсіп, осы жерде далалық тәжірибе жасап жүр екен. Ғылыми тақырыбы – «Күріш дақылының пісіп-жетілу кезіндегі белок пен көмірсутектерінің түзілуі». Мақсаты – күріш дақылының биологиялық ерекшеліктерін пайдалана отырып оның өнімділігін арттыру.

АЛЫПТАРДЫҢ СОҢҒЫ ТҰЯҒЫ

«Жолдасыңды айт, кім екеніңді білейін» деген аталы сөз бар. Осыны «Ұстазыңды айт, кім екеніңді байқа-йын» деп өзгертсе, шындықтан онша қашық кете қоймайтын сияқтымыз. Ғылымды енді бастаған жастық ша-ғымызда Қызылордада жалғыз ғана жоғары оқу орны болатын. Ол – педагогикалық институт. Мұға-лімдері жұрттың аузында. Айтулы топ басында Әуелбек Қоңыратбаев, Қабдуали Ахметов, Мәди Кереев, Әбшайіт Оразалиев, Сламхан Бекбаев, Нұрадин Дарқұлов, Нұрлыбек Жү-нісов, Мұстафа Матаев, Құдай-берген Жаңабергенов, Сахабадин Елубаев, Әли Байжолов, Байғара Тайлақбаев, Айжігіт Нұрғазарынов, Қареке Ділімбетов, Құдайберген Бал-таев, Әди Ибрагимов, Сейдүәлі Тай-беков, Бимағамбет Ділманов, Есқазы Исабеков. Олардың айтқан сөздері ел арасында аңызға айналған уақыт еді-ау, сол кезең. Кейін сол алкалы, абыройлы, алып азаматтар Алтынбек Ернazarұлына да, маған да, Сыр өңі-рінің білім мен ғылымына ден қойып ұмтылған барша жастарына да үлгі-өнеге болғаны анық. Сол кездегі жастардың барлығы осы тұлғалы азаматтарға қарап, бой түзейтін.

Алтынбек Ернazarұлы 1942 жыл-дың мамыр айында Сырдария ау-даны Комсомол ұжымшарына қа-расты Колос бөлімшесінде мұғалім отбасында дүниеге келген. Әкесі Ернazar Жүнісов 1917-1948 жыл-дар арасында «Қызыл мұғалім» атаныпты. Осы жай айтылған бір сөйлемде көп мән жатқандай. Сол күрделі де қиын-қыстау заманда қа-рапайым ұстаздың жоғары атаққа ие болуында қыруар еңбек, жана орнаған заманға деген зор сенім, терең білім, қасиетті ата-баба тектілігі көрінген болар. Сөз жоқ, осындай абыройлы отбасында өсіп тәрбие алуы Алтекен замандасымыздың өмірлік ұстанымының игілігі мол өне-гемен қабақтасуына кезіктіріп нығай-та түскенінде күмән болмаса керек.

Ол 1959 жылы Қызылордадағы Ғани Мұратбаев атындағы қазақ ор-та мектебін бітірді. Сол жылы Қы-зылорда педагогикалық институтына түсіп, 1964 жылы оны «Орта мектеп-тің биология және ауылшаруашылық негіздерінің мұғалімі» мамандығы бойынша аяқтап шықты. 1973 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 1979 жылы «Зоология» ка-федрасына аға оқытушылық қызметке тұрды. Тынымсыз шығармашылық ұмтылыс арқасында оқу-тәрбие ісі-нің сапасын жақсарту мақсатында ғылыми, оқу-әдістемелік мақалалар мен ұсынымдар жазып, оларды оқу үдерісіне енгізу негізінде кәсі-би білігін айтарлықтай көтеріп, доцент атағын иеленеді. Бұл жас оқытушының бедел-абыройын айтар-лықтай өсіріп, ұжым алдындағы ор-нын биіктетті. Көп ұзамай факультет деканының орынбасары болып бекіді.

Биік ілтипатпен айтар сөзіміз бар Нұрлыбек Жүнісов ағайымыз жөнінде. Ұзақ уақыт филология фа-культетінің деканы болған кезеңде оқу орнының тірегіне айналып, со-ңынан ерген жас оқытушыларға қалт-қысыз ұстаздық жол көрсетумен ко-са, олардың айнымас қамқоршысы ретінде мол абырой-атаққа иеленіп, өңір жұртшылығының құрметіне бөленіп еді. Қазір ойлап отырсақ, осы азаматтың бойы мен көркі, сән-салтанатты, жүріс-тұрысы, ішкі рухани мол байлығы мен биік бол-мысы, көпке бұйыра бермейтін ер-кіндігі мен қарапайымдылығы, ірілігі мен биік адамгершілігін бірден мо-йындамайтын жан болмаған да шы-ғар сол заманда. Сол ағамыздың қам-қорлығын өз басым да молынан көріп, сезінгенім бар. Ендеше, осы алып тұлғанын бауыры Алтекеннің өмірлік ұстанымына да оң әсері болғанына ешкім да айта алмасы анық.

1984 жылдың маусым айында Алтынбек Ернazarұлы филология-педагогика факультеті деканы болып сайланды. Бұл шешімді, әрине, ұжым куана қарсы алды. Бір жағы бұл кеше ғана алдында жұлдыздай жар-қырап жүрген ардақты аға жолын жалғастыру болатын. Осы жол Алте-кеңе аса зор жауапкершілік жүк-теп еді. Уақыт өте жауапты да сал-мақты міндетті солайымен атқап орындады. Ғылымға еселі еңбек сіңірген, ұстаздық тәжірибесі мол азамат оқығаны мен түйгенін, ата-ана мен ағадан көрген тәрбие мен өнегені аса сауапты іске – факультет ұжымының оқуына таласына сай да-мып, өркендеуіне салды. Тарихы мол, ескі, алдындағы көшеден ауыр ав-тобус өткенде дірілдеп тұратын, қа-ланың қақ ортасында орналасқан ғи-маратта, Алтекен кабинетінде талай

болғанмын. Мақсатымыз – сол кездегі екеуімізге де ортақ мәселелерді ойлау мен пікірлесу.

Алтынбек Ернazarұлы ерекше ашық мінезді азамат еді. Жақынына, әріптесіне, танысына «Айналайын!» деген сөзді айтудан шаршамаған, айнамаған. Осы сөз ненің белгісі? Бұл сөз азаматтық іріліктің, ақылдың, жан жылытар жүрек жылуының, өзге үшін ашылған дарқан пейілдің, аппақ ашық көңілдің, нағыз қарапайым жақ-сы адамның белгісі болар.

«Оқу инемен құдық қазғандай» деген сөз бар. Онда ғалымның ине-мен қазған құдығы суы күрекіпен ашылған құдыққа қарағанда сапасы, берекесі мен құнары мың сан жо-ғары болатын шығар. Алтынбек Ер-нazarұлы ғылымға жастайынан ден қойыпты, соны өмірлік тірлігі мен мақсатына айналдырыпты. Сол ке-зеңде табанды зерттеулерінің ар-қасында ерекше маңызды ғылыми ұсыныстар дайындалы. Ол алдымен Қарауылтөбе шаруашылығы егіс да-ласында онтайлы сынақтан өтіп, бүкіл Сыр өңірі күріш алқаптарында өндіріске енгізілді. Күріш өнімділігі гектарына шамамен екі-екі жарым центнерге жоғарылады. Бұл болымды ғалымның туған жердің өркендеуіне қосқан айтулы үлесі болатын.

Ұлы Абай «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздам ғой демек-тің бәрі де – ақыматтық» депті. Ал-тынбек Ернazarұлы бай мінезді еді. Жақынына, әріптесіне, айналасына жарық шуақ, ыстық сөзге шашып тұратын ылғи. Шамасы, тұлғалы азам-аттың бұл басты тәрбие құралы да болған-ау! Байқауымызша, бұл адам-сүйіштіктен бастау алатын игілігі мол мінез.

Алтекенмен алғашқы танысқан сәт есімде. Азанда жұмысқа енді кірісе бастаған кезіміз. Күріш тә-жірибе стансасы кенесі алдында тұрмыз. Жанымызға бес орындық, брезентті жеңіл автокөлік тоқтай қалды. Ішінен ірі, ұзын бойлы азам-ат еңкейіп шығып қасымызға жа-қындады. Амандастық. Станса бас есепшісі Сыдықов Кешабалин аға-мыз бірге тұрған. Екеуі таныс екен. Сол кісі таныстырды баршамызды. Пединститут оқытушысы, аспиран-ты Ернazarов Алтынбек деп. Со-нымен біздің жадымызда Алтекен әркез абырой биігінде, көлік үстін-де жайғасқан күйінде қалыпты. Өмі-рінің соңғы уақытына дейін шетелдің айтулы көлігі рулін қолынан шы-ғарған емес. Мүмкін, бұл ұлы Құ-дреттің сүйген құлына берген ерекше сыйы шығар.

Алтекен өз жұмысына солайым берілген азамат еді. Қашан барсаң да орнынан табылатын. Күндіз-тү-ні кабинетінде, әріптестер мен жас оқытушылар, студент жастар алды-нан арылмайды. Жай отырмай, ел болашаған күйттеп, жоспарлап, ар-мандап отыратын. Олай дейтінім, қарауындағы жастардан еш нәрсесін аямайтын, солардың өнегелі, тәрбие-лі маман болып шығуына бар күш-жігерін салатын. Сонына ерген бі-лікті де білімді әріптестері мен жас ұстаздарға шаршамай-шалдықпай үйретуден, оларға жоғары талап қоюдан жалықпайтын. Ірі, бойлы, ойлы адам еді, содан болар жүре-гі де үлкен еді! Үлкен жүрекке қа-сындағы азаматтар сыйып кетіп жүрді-ау сол заманда. Осындай дар-қан мінезді жандар көп болса, кәне! Өмір жеңілді түсер ме еді?! Студент жастарға қамқор болумен бірге жас, ізденімпаз оқытушылардан бар біл-генін, ағалық ақылын, жаныашырлы-ғын іркіп қалған емес. Сол жылдары факультетте жиырмаға жуық азамат аспирантураға түсіп, күрделі ғылыми ізденістер жасап, диссертацияларын сәтті қорғап, білікті ұстаздар құра-мын көркейтті. Ендеше осының бар-лығында Алтынбек Ернazarұлының ақыл-кеңесі, қойған орындары талабы, көрсеткен нақты көмегі жатқанында күмән жоқ.

Ол он төрт жыл үзіліссіз факультет деканы қызметін абыроймен өткеріпті. Осынысымен тәрбиесін молынан көрген айтулы ағалары жо-лымен айна-қатесіз келе жатқанын, олардың өнегесін жас ұрпаққа сола-йымен жеткізіп, шәкірт санасына құй-ып, өнеге қорын толықтырғанын дәлелдеді. Өз ісіне барынша, қалт-қысыз берілгенін ескеретін бол-сақ, ел мен Сыр өңірі білім-ғылы-мын өркендету жолында Алтекен ұшан-теңіз еңбегін аямды. Қабілет пен өнегені, терең білік пен зерделі ұстаздықты, жастар мен әріптесте-ріне жаныашырлығын ортаға салып, ұжым абыройы мен беделін одан са-йын биіктете түсті. Жоғарыда аты

аталған, аңызға айналған ұстаздар ісін жаңғыртты, жалғады, қатарына барып қосылды. Біздің ойымызша, Алтекен – о баста ғылым мен білімге қызмет етудегі қарызы мен парызын молынан атқарған азамат. Сыр бойы білімі мен ғылымына қыруар еңбек сіңіріп, маң-гілікке аттанған ғалым-ұстаздардың соңғы тұяғы.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профес-соры ғылыми ізденістеріне, атқарған қызметіне сай қоғамның айтарлықтай марапатына ие болған. «Қазақ ССР-нің халыққа білім беру ісінің үздігі» (1991), Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызмет-кері» (2003), Президенттің Алғыс хаттарымен (2001, 2005), Қорқыт ата атындағы университеттің 80 жыл-дығына арналған медалімен (2017), Қорқыт ата атындағы алтын медаль-мен (2018), «Сырдария ауданының құрметті азаматы» атағымен (2019), облыс және университет деңгейінде бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталған. Бұл – айтулы азаматқа барынша лайық жетістіктер.

Адамның мықтылығын, ерекше-лігін оның ортақ қоғамдық істері мен жеке басы қамы ара-қатынасын қалай ұстайды, сонымен бағамдауға болатыны белгілі. Біреу бар, өзінің басымбайлы тірлігін ғана ойлайды, сонымен ғана өмір сүреді. Екіншісі, шамасы келгенше екі қайықтың ба-сын бірдей ұстауға ұмтылады, ты-рысады. Сондықтан оның іс-әрекет-тері бірде олай, бірде бұлай болып жатады. Үшіншісі, қоғамның жұмы-сына түгелдей басын бұрады. Ал-дымен ұжымның мұқтажын күйт-тейді, бар күш-жігерін ел алдындағы борышын орындауға жұмсайды, жұрттың ықылас-батасын алады, со-дан ләззат табады. Өзінің жеке қамын мүлдем ойламайды, ол атқарып жатқан игі істерінің арасында жүр деп санайды. Алтынбек Ернazarұлы дәл осындай азамат еді. Ол өмір бойы ел мен жұрттың қарекеті үшін ерен еңбегін көрсетті, содан рахат тапты, мақсаты осы болды. Осы азамат сөй-тіпті, есік жағалап бірнәрсесі сұрап жүр екен, өзінің қарақан басы мүдесін қорғап, пенделішілік жолға түсіпті дегенді көрген де, естіген де емеспіз.

Ол өзінен бір жыл кейін пед-институттың «Қазақ тілі және әде-биеті» мамандығын бітірген Тәжі-гүл Дәрібайқызымен бас қосты. Тәжігүл Дәрібайқызы қарапайым кеңпейілділігімен, жоғары адамгер-шілігімен, бауырмалдығымен өмір-лік жарының туыстары мен бауыр-ларының зор ықыласына ие болыпты. Бүгінгі күні оны зор ризашылықпен, құрметпен еске алады.

Дүниеге тұңғыштары келгенде ұлым отбасының ырыс алды бол-сын деп ырымдап Ернazar атасы не-мересі атын Зайфун қойыпты. Одан соң жарық дүниеге Зайда, Бауыр-жан, Асқар келіпті. Тағдырға кім ара тұрған, Тәжігүл жемегіз балалары-ның қызығын молынан көре алмай ертелеу дүние салды. Қазір балалары білім алып, өсіп-өркендеп, айтулы қызметтерді атқарып келеді.

Быртұл Алтекенмен оңаша кезігіп қалғанымда Зайфун баламыздың Мәскеуде Еуразиялық экономикалық кеңестің департамент басшысы қыз-метіне ауысқанын айтты. Байқаймын, бұрын мұндай мінезін сездірмеген Алтекеннің жанарынан сәл-пәл мақ-тан ұшқыны жарқ етті. Жалпы мақта-нуды құшақ жайып қарсы алып жата-тынымыз шамалы. Дегенмен азамат ұрпағының жетістігімен мақтанып жатса, ол бөлек дүние ғой. Атаның баласы емес, елдің баласы болғанына неге мақтанбасқа? Ата-ананың түпкі арманы мен бақыты осы шығар!

Тәжігүл жемегіз дүние салған-сың Алтекен отбасының шырағын бәсеңдетпеу мақсатында тағдыр бұй-рығымен Миранмен бас қосты. Мира қарындасымыз сол шаңырақтың бе-рекесін кіргізген аяулы жан болды. Медицина саласының маманы ретінде Алтекеннің денсаулығы да әрдайым жіті назарында ұстады.

Қазақхылықтың қасиетті бас қағи-даларын өзіне өмірлік бағыт етіп, болмысында толығымен іске асырды Алтынбек Ернazarұлы. Манайына жақсылық пен мейрім сөздерін төк-кен азаматтардан кейін соңында қалған елі болымды өмір сүруі тиіс бо-лар. Ылайым солай болсын! Ал-тынбек Ернazarұлының рухы жән-натта шалқысын! Артында қалған бауырларына, балалары мен ұрпақ-тарына, жұбайына Алла бар жақсы-лықты бұйырғысын!

Серікбай ҚОШҚАРОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің профессоры

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

ӨТКЕН ДӘУІРДІҢ ҚҰМ БЕТІНДЕГІ ІЗІ

«Музей – өткенді оятып, болашаққа із қалдырар мәдени мекен» десек, қате айтпаған болар едік. Ғылыми қызметкерлердің жобалары аясында қорға тарихи жақұт түсіп, «Жас өлкетанушы» жобасы бойынша сирек кездесетін жәдігермен толықты. Ол – белемнит. Белемниттер (лат. Belemnites) – басаяқтылар класына жататын, өліп біткен омыртқасыз жануарлар отряды. Юра және бор дәуірлеріне жатады. Музей қорына омыртқасыз малюскалардың тасқа айналған бөлігі өткізілді.



Жобаға қатысушы Арал ауданы Абай елді мекенінің №59 орта мектеп оқушысы Мерей Мұратқызы аталған жәдігерді «Шөгінді тау жынысы – сіңіртас» деп өзіндік зерттеу жұ-мысын жасап өткізген болатын. Музей қызметкерлері жәдігердің құрылымына, аңыз-әпсанасына, ши-палық қасиетіне қарап, «шөгінді тау жынысы» деген болжамды тере-ңірек зерттеуге кірісті. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университе-ті «Жаратылыстану» факультетінің оқытушыларымен кенесе отырып, жә-дігердің белемнит екенін анықтады.

Белемнит түсі сұр, құлды найза ұшы тәрізді сүйірленген, жылтыр келген. Оқушының зерттеуі бойынша Арал маңындағы Құлжымыр-Қасқа-төбе, Тамдықайнар жерлеріндегі жо-талы төбешіктің сайынан табылған. Жергілікті халық сыртқы көрінісі мен қаттылығына қарап, белемнитті «сіңіртас» деп атаған. Қатты, ұзынша, сүйекке келетін құрылымы қатқан сіңірдей әсер қалдырады. Халықтық танымда ол тасқа айналған сіңір ретінде қабылданған.

Музей қорындағы белемниттің барлығы дерлік, бөлшек күйінде, қақ ортасынан бөлінген. Ортасынан ұзындығын бойлай жіпше тәрізді із бар, ең ұзын белемнит 7 см. Мерей осы белемниттің түрлі тері жарақат-тарына, күйгенге, тіпті қан қысымына көмегін тигізгенін жазған. Қазақтың халық медицинасында сіңіртас сүй-ек, сіңір, буын ауруларына, қан тоқтатуға, жараның тез жазылуына, асқазан мен бүйрек ауруларына пай-даланылған. Зерттей келе, Қытай халық медицинасында да пайдала-натынын байқауға болады. Қытай халық емшісі доктор Джаоның ай-туынша, белемниттік препаратты қа-былдағандар гастрит пен асқазан жа-расынан зардап шекпейді.

Белемниттер Mollusca типіне, Cerphalopoda класына, Coleoidea под-классына жатады. Олар қазіргі қал-марлар мен каракатицалардың ерте эволюциялық тармағы болып есеп-теледі, 95% кальцийден тұрады, қал-ған 5 пайызы 70 басқа элементтен түзіледі. Бір қызығы, тастың химия-лық құрамында мезозой дәуірінде біздің планетада болмаған улы заттар жоқ делінген.

Энергиясы күшті, тарихы бай тас. Ол біздің планетамызда шамамен 70 миллион жыл бұрын өмір сүрген ең көне моллюскалар денесінің тасқа айналған түрі. Денесі жұмсақ бол-

ғанымен, ішкі қаңқасы жақсы дамы-ған. Ол үш негізгі бөліктен тұрған:

Ростр – оқ немесе найза тәрізді қатты құрылым;
Фрагмokon – камераларға бөлінген жүзу аппараты;
Проостракум – бұлшықеттер бе-кінетін жұқа пластина.

Ғалымдардың пайымдауынша, белемниттер белсенді жүзетін жырт-қыштар болған. Олар ұсақ балықтар-мен, шаян тәрізділермен қоректеніп, реактивті қозғалыс арқылы тез жүзе алған.

Қазақстанның батыс және оңтүс-тік аймақтарында, әсіресе бор және юра жүйелерінің шөгінділерінде бе-лемнит роострлары жиі кездеседі. Ха-лық арасында оларды «шайтан оғы», «найза тас», ал Арал өңірі халқы «сі-ңіртас» деп атаған. Бұл атаулар олар-дың пішініне, түр формасына байла-нысты қалыптасқан болуы керек.

Аңыз-әпсаналарда белемниттің пайда болуы халық арасында мифо-логиялық сипатта түсіндірілген. Үшкір, найза тәрізді пішініне бай-ланысты ол «найзағай тасы» немесе «аспаннан түскен жебе» деп аталған. Халық сенімінде мұндай тас найзағай түскен жерде пайда болады және оны сақтаған үйге апат жоламайды деп есептелген.

Кейбір аңыздарда белемнит жын-шайтанға қарсы атылған көк жебе ретінде сипатталады. Сондықтан ол қорғаныштық қызмет атқаратын киелі зат саналып, тұрмыста түрлі ырым-жоралғыларда қолданылған.

Белемнит мысалында халықтың табиғи құбылыстарды мифологиялық сана арқылы түсіндіргенін байқауға болады. Ғылым оның нақты био-логиялық және геологиялық таби-ғатын ашса, аңыз-әпсаналар оның мәдени-рухани мәнін айқындайды. Бұл екі қырды қатар қарастыру та-биғи нысандардың қоғамдағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Белемнит – палеонтологиялық маңызы зор табиғи нысан ғана емес, сонымен қатар халықтық дүниета-нымда ерекше орын алған мәдени белгі. Ол – ғылым мен мифтің, та-биғат пен руханияттың өзара сабақ-тастығын көрсететін құнды мұра. Мұндай нысандарды зерттеу табиғи және мәдени мұраны кешенді түрде сақтауға жол ашады.

Ләззат ЖАЛҒАСБАЙҚЫЗЫ,
өлке тарихы бөлімінің ғылыми
қызметкері

Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС 2026 жылдың 5 ақпан күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 кемежайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін ха-барлайды.

Күн тәртібінде:
1. Серіктестіктің 2025 жылғы атқарылған жұмыстарының қор-ғытындысын және серіктестік ре-визорының тексеру қорытынды есебін талқылау, бекіту туралы.
2. Серіктестіктің 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап бюджет пен штат кестесін бекіту туралы.
3. «АНҚ» АҚ арқылы несие

рәсімдеу шарты мен ережелерін, серіктестіктің жарғылық қорынан берілетін ережелерін және серік-тестік ішкі нормативтік құжатта-рына өзгерістер енгізу, бекіту ту-ралы.

Сонымен қатар құрылтайшы-ларға күн тәртібіне қосатын ұсы-ныс-пікірлеріңіз бар болса жи-налыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қаты-суларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» КС»
ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)

Хабарландыру

«Мақпалкөл» ЖШС 2026 жылдың 28 ақпан күні сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Т.Жүргенов ауылындағы орталық мәдениет үйінде серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:
1. «Мақпалкөл» ЖШС басшысының 2025 жылғы атқарылған жұмыс-тарына қорытынды есеп беруі.
2. «Мақпалкөл» ЖШС үлескерлерінің жер үлестерін бөліп беру.
3. «Мақпалкөл» ЖШС-на «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы шаруашылыққа лизинг бойынша техника алу.
Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса жиналыс ашылғанға дейін 10 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Мақпалкөл» ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 020240007364)

/// МЕРЕЙ

ЕЛ-ХАЛҚЫ АЗАМАТЫН АРДАҚТАДЫ



Халқымызда «Ердің атын ел шығарар, елдің атын ер шығарар» деген даналық сөз бар. Бірінен-бірі ажырағысыз егіз ұғымға сай келетін азамат «Құрмет», «Парасат» ордендері мен «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Қазақстанның Құрметті құрылысшысы, Балық шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қызметкері, Қызылорда қаласының, Арал, Қазалы, Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы, республикалық «Жалаңтөс баһадүр» қорының президенті Нажмадин Түрікбенұлы Мұсабаев дер едік.

Бүгінде ол жеті қырдан асып, 75 жасқа толып отыр. Мерейлі жасына құр қол келіп отырған жоқ, балалары Еркінбек Түрікбенұлы Мұсабаев пен Нұрназар Нажмадинұлы Түрікбеннің авторлығымен жарыққа шыққан «Тектілік туын түсірмеген тұлға» атты кітабын тарту етуде. Бір айта кетерлігі, бұған дейін де балалары Айгүл, Әділбек Мұсабаевтар «Ұлыларды ұлықтаған тұлға» (2010 ж), «Тұмысы бөлек тұлға» (2011 ж) атты кітаптарын шығарған еді. Ал бүгінгі кітап сол туындылардың заңды жалғасы деуге болады. Әке алдындағы перзенттік парыздың өтеуіндей көрінген туындылар Нажмадин Мұсабаевтың еңбек және өмір жолын, қызметтес замандастары мен өзі басқарған аудандардың тынысын баяндауға арналған.

Жуырда Жаңақорған, Қазалы, Арал аудандарында мағлұматы мол жаңа туынды – «Тектілік туын түсірмеген тұлға» кіта-



бының тұсаукесер рәсімі болып, Н.М.Мұсабаевтың 75 жасқа толуы салтанатты жағдайда атап өтілді. Оған аудандардағы зиялы қауым, қоғамдық ұйым, бұқаралық ақпарат құралдары мен

шығармашылық топ өкілдері, ел ағалары қатысты. Жаңақорғанда аудан әкімі Мажит Самитов, кенттің ардагерлер кеңесінің төрағасы Серқожа Ыдырысов, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Алмас Нәлібаев, Қазалыда аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов, ауданның құрметті азаматы Қасқырбай Әлімбаев, Аралда аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әділбек Әйімбетов, мемлекеттік қызмет саласының ардагері Әнес Әуезов құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесінің нығына шапан жабылып, құрмет көрсетілді. Салтанатты шараларда сөз алған кітап авторының бірі Нұрназар Түрікбен жана туындының мазмұнына шолу жасап, кеңінен таныстырса, қоғам қайраткері Н.Мұсабаев өзіне көрсетілген құрмет үшін шынайы алғысын білдірді.

Осылайша еліне ерекше еңбек сіңірген азамат ардақталды.

/// МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ



Коллаж Г.Омиева

«ЖҰЛДЫЗДАР» ЖЕРГЕ ТҮСЕ МЕ?

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойды. Атап айтқанда, онда мәдениет, білім беру, мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша бірқатар өзгерістер қамтылды. Соның бірі – концерт кезінде фонограмма пайдалануға қатысты қабылданған ереже.

Заңға енгізілген өзгерістің мазмұны былай: «Концерт өткізу кезінде фонограмма пайдалануға тыйым салынады (Бұл ереженің телевизиялық жазбаларға, концерт өткізуге арнайы бейімделмеген және арналмаған орындарға қатысы жоқ). Сондай-ақ авторлық құқық объектісі саналатын шығармаларды масс-медиада немесе онлайн-платформаларда жария түрде пайдаланған кез келген жағдайда авторды (авторларды) пікірін білген едік».

Түсінуімізше, нақты концерт беруге арналған орындарда фонограмма (алдын ала жазылған дауыс) пайдалануға рұқсат етілмейді. Алайда аталған ереженің «телевизиялық жазбаларға, концерт өткізуге арнайы бейімделмеген және арналмаған орындарға қатысы жоқ» деп нақты көрсетілген. Осы тұста телевизиялық жазбаларға неге қатысы жоқ екенін түсіне алмадық. Бәлкім, бұл жерде кинофильмдерде жасалатын дубляжға қатысты айтылды ма екен?

Сонымен жаңа ереже шықты, қазір көптің талқысынан да өтіп жатыр. Біз де ел алдында жүрген танымал әншілердің, өнер өкілдерінің пікірін білген едік.

Айдос Иманжаппаров – классикалық әнші, халықаралық конкурстардың лауреаты, Түркістан облыстық Конгресс холл көпсалалы кешенінің артисі.

– Фонограмма жөнінде айтар болсам бұл – өте күрделі тақырып. Неге десеніз, қазіргі кезде теледидарға немесе радиоға көз салып, құлақ түрсеңіз шыны керек, ұялып қаласыз. Бүгінгі көп әндерде мән-мағына жоқ, оның үстіне, орындаушы да аузын жыбырлатып (фонограммалармен) халықты алдап тұрады. Жакында фонограммаға қатысты заң қабылданды дегенде қуанғанымды жасырмаймын. Қуануымның себебі, қазаққа бір мақал бар, «Ел бөламын десең, бесігіңді түзе» Мәдениет пен өнерге биік талғаммен қарап, дұрыс бағалай білуіміз керек.

Қазіргі шоу бизнесіте жүрген 500-1000 әншінің 70 пайызының жанды дауыста ән салуы құдік тудырады. Көпке топырақ шашпаймын, бірақ мұны жасырудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Қолданысқа енгізілген заңның тағы бір тармағын естідім, жаңа ереженің тойға, ресторандарға қатысы жоқ деген. Әлі де бұл заңды қайта қарау керек сияқты, түбегейлі барлығына қатысты етпегеніне таным бар. Мысалы, сахнада жанды дауыста айтпаған әнші тойға келіп халтурасын жалғастыра береді. Той егелерін фонограммалармен алдап осы кезге дейін қанша миллиондаған ақшалап кетті. Өрине, ол менің жұмысым емес, дегенмен осындай дүниелерді айтуға тура келеді.

Менің білетінім, классик әншілер әнді жанды дауыста айтады. Оркестрмен, рояльмен және фортепианоның сүйемелдеуімен орындайды. Өзім де тойда немесе кез келген іс-шараларда жанды дауыста минусовкамен айтамын. Жалпы фонограмма – әншіні құртатын дүние. Шын мықты болсаң, жанды дауыста өнер көрсет. Әр концертке дайындал, еңбек ет, далада қалмайсың. Сын түзелмей, мін түзелмес. Сынды көтере білсең ғана өссесің. Қалай десек те мәдени майданда шын мықтылар қалады, – дейді ол.

Сәрсенбай жыраудың ұрпағы, дәстүрлі өнерді дамытуда өзіндік талантымен танылған Майра Сәрсенбаева да жоғарыда аталған заңға енгізілген өзгертулерді дұрыс деп санайды. Оның айтуынша, өнердің шын өкілі қай уақытта да табиғат берген талантымен даралануы тиіс. Халықтың сенімін алмай, адал қызмет көрсетіп, тыңдаған жұрттың шынайы ықыласына бөленгені абзал. «Өнер жолы – ауыр жол» деген сөз бар, демек «сүзден – жүйірік, мыңнан – тұлпар» дара шығуы оңай емес.

Мысалы, дәстүрлі өнер бағытында Сыр сүлейлерінің мұрасын ғасырда ғасырға жалғап, сол әуелгі сақ қалпында сақтап келе жатқан жырыш-жыраулар еңбегі ерекше құрметке лайық деп ойлаймын. Өйткені жыр-дастандарда өлең сөздің сарқылмас құнары бар. Одан бөлек, сүлейлердің әрқай-

сысының мақам-саздары бір-біріне ұқсамайтын өз алдына ерек туынды. Сондықтан өнер жолын таңдаған адам оның бағасын түсірмеуі керек. Бүгінге дейін техниканың жұрнағы жоқ кезеңде де ғасырлар бойы жалғасып келген саф өнерді қазіргідей жан-жақты дамыған заманда жоғалтып алсақ, одан асқан өкініш болмас. Бір сөзбен айтқанда, халықтың өнерді дамытуда өз-өзімізге үлкен жауапкершілік жүктелетінін сезінуіміз керек, – дейді ол.

Өнертану кандидаты, күйші, бірнеше әннің авторы Гүлнар Ысқакова бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті студенттеріне дәріс береді. Күй өнері бойынша талантты шәкірттері топ жарып жүр.

– Өнердің өкілі ретінде айтар болсам, кез келген әнші, күйші немесе өнер көрсететін топтар болсын, халықтың алдына шынайы талантымен шығуы тиіс. Өйткені өнердің киесі бар. Сол себепті оған атүсті қарауға болмайды. Сахнаға шығатын өнерпаз өзіне жүктелген аманатты терең сезіне білуі керек әрі қиянатсыз атқаруды ойлағаны жөн.

Мысалы, әнді жанды дауыспен айту үшін қаншама дайындық керек. Ең әуелі сахнаға шығу мәдениетінен бастап, киім киісінде, сөз саптауында, қимыл қозғалысында көзге оғаш әрекеттер болмауы тиіс. Сосын әнді орындағанда дауысты көретін, бәсеңдететін жерлері болады. Әншінің әнді әрбір орындауында импровизация керек. Шың талантты әншілер көрерменді баурап алып, әнді қосыла шырқайтын кездері болады. Ал фонограммаға келсек, бірнеше концертте сол бір дауыс, бір орындау бірте-бірте тыңдаушыны жалықтырады. Қазір эстрадала жанрын фонограмма жаулап алғаны жасырын емес. Алайда домбыра, сырнай, қобыз, жетіген сияқты ұлттық аспаптармен, сондай-ақ, гитарамен, фортепиано сүйемелдеуімен ән айтатын әншілер жанды дауыспен орындайды.

Мысалы, Жамал Омарова, Күләш Байсейітова, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Ескендір Хасанғалиев сынды әншілердің дауысы алтын қорда сақталып қалды. Ал қазіргі фонограммада жазылған дауыс ұзаққа бармай, өз-өзінен жоғалып кетуі мүмкін.

Қолданысқа енгізіліп отырған заңды құптаймын. Өнерге, шығармашылыққа шынайылық, тазалық, жауапкершілік керек, – дейді өнертанушы.

Иә, жоғарыдағы пікір айтушылар өнердің әр саласында жүрсе де, ортаға салған ойлары бір түйінге келіп тоғысын тұр. Өйткені өнер – табиғи таланттың өлшемі. Оған сауда-саттық араласса сыны кетеді. Айталық, бойында жоқ қабілетті ақыпұлын төлеп сатып алу арқылы халықты алдап, күн көріп жүргендердің (әнші деуге келмейді) әрекеті тіпті дұрыс емес. Тағы бір сорақылық, осы күні әнді орындаушы өзінің не айтып тұрғанына есеп бермейтін болған. Қазір жастар тыңдап жүрген кей әндердің сөзін естігенде ұяттан өртенердей күй кешесін. Ал олардың сахнаға қалай, қандай мақсатпен шығып жатқаны беймәлім...

Жоғарыда аталған заңда авторлық құқықтың қорғалуына қатысты да айтылған. Олай болса, шығармасы орындалып жатқан авторларға қаламақы төлеу барысында әлгіндей әдептен жүрдай «шығармалардың» авторларына шара көрілуі де керек сияқты...

Иә, қазір ЖІИ де ән айта бастады. Тіпті оған әннің сөзі мен әуенін жазу да еш қиындық тудырмайды. Мұның ар жағында «өнер өліп кетпей ме?» деген сауал тұратыны заңды. Әзірге оған айтар жауабымыз, жасандылықтан биік тұратын жауһар туындылар ғана жадымыздан да, тарихтан да өшпейді. Ал ЖІИ-дің деңгейіне жетпейтін шығармалардың күні бітетін болса керек. Халқымызда «Көп асқанға бір тосқан» деген сөз бар еді. Енді тым аспандап кеткен жасанды «жұлдыздар» жерге түсетін шығар?

Ғазиза ӘБИЛДА,
«Сыр бойы»

/// ТАНЫМ

БЕРДІМӘМБЕТ БАҚСЫ

Бердімәмбет бақсы – Қарақалпақ елінде өмір сүрген адам. Жүз жасқа жақындап барып, дүниеден озған. Бақсыны сол өңірдің халқы аса қадір тұтқан. Себебі ол өзінің ұзақ ғұмырында Құдайдың құдіретімен бір перзентке зар болған жандарға сөбепкер болып, дертіне шипа іздеген науқастардың емін дәл тауып, қаншама сырқатты сауықтырып жіберген.

Айтуынша, оған бақсылық қасиет 14 жасында қоныпты. Әке-шешесі ерте қайтыс болған соң аға-жөнгесінің қолында тәрбиеленеді. Бірде қозы жамырап кетіпті де, жеңгесі жетім баланы ұрып-соғады. Ара түспеген ағасына ренжіген бала әкесінің бейітінің басына барып, жылап жатып ұйықтап кетеді.

Түсінде әкесі ақ сақалды шал боп келіп:

– Тұр, балам! Саған ерекше қасиет дарығалы тұр, – деп аян береді. Сонан бері сексен жыл өтті, бақсылық серігім боп, менімен бірге жасырып келе жатыр, – деп отырады екен Бердімәмбет қожа.

Кеңестік дәуірде Бердімәмбеттің емшілік, көріпкелдік атақ-данқын естіген бір түрікпен жігіті Ашхабад қаласынан Қарақалпақстанға арнайылап іздеп келіпті. Баласы тұрақтамаған әлгі түрікпен жігіті жүкті келіншегің өзімен бірге ала келіп, бақсыдан бата сұрапты.

– Мына келіннің ішіндегі баланың не ұл, не қыз екенін айыра алмай отырмын. Жарық дүниеге келісін бұл балаң да

шетінейді. Сонан соң үш ұлды боласың. Ұлдарың өмірлі болсын! – деп батасын береді.

Арада 20-35 жыл өткен соң Бердімәмбеттің үйінің алдына келіп үш жеңіл машина тоқтайды. Келген баяғы түрікпен жігіті екен. Жанына ер жеткен үш ұлын ертіп, сый-сияпатын ала келіпті. Ұлдарының үлкенінің атын – Берді, екіншісін – Мәмбет, кенжесін – Қожа деп, перзентті болуына себепкер болған Бердімәмбеттің құрметіне қойған екен.

Мына бір оқиға Бердімәмбеттің тегін адам емес екендігінің тағы бір дәлелі болса керек. Бір тайлақты балаларына көрсетіп тұрып «мынаны мен өлгенде соярсыңдар» депті.

Осы әңгімеден көп ұзамай әлгі тайлақ жоғалып кетеді. Іздемеген жері қалмайды. Ұшты-күйлі жоқ. Құдды жер жұтып кеткендей. Уақыт зулап өтіп жатты. Көшіп-қонып жүрген ауылы бірнеше рет мекен-жайын өзгертеді. Арада 11 жыл өтіп, Бердімәмбет қожа бұл пәнимен қоштасар кезінде ауылға бір түйе келеді. Ен-таңбасына қараса,

баяғы жоғалып кеткен тайлақ. Көрші-көлем, тегіс ауыл болып бәрі таңғалыпты.

Бердімәмбет ілгеріден келе жатқан бақсылардың ізімен кеткен, қалақ, көсеу тәрізді темірді отқа әбден қызыл шок болғанша қыздырып, жалаң табанымен басып, аузына салып, тістеген сәтте қараша үйдің ішін күйіктің иісі алып кететін. Сақырлап қайнаған суға сүлгіні малып алып, науқасты бетіне шашқанда, су сырқат жаңға мұздай боп тиеді екен. Ол кісінің және бір ерекшелігі түзде кездескен кез келген жыланды «оқып», аузы буылған қалтаға салып, өзімен бірге алып жүретін, – деп айтып отыратын бақсының кереметтерін көзімен көрген Қармақшы ауданы Т.Көмекбаев (бұрынғы Жаңақала) ауылына қарасты Қызылқұмның қиясындағы Кекірегі елді мекенінің тұрғыны марқұм Күзембай Ештауылы.

Оның ұрпақтары қазір Қарақалпақстанның Төрткүл ауданында тұрады. Бір қызығы, бақсылық (емшілік) қасиеті ұлдарына емес, қызы Үмішарға (Үміш) дарыпты. Бақсының қызы Үміш бүгінде Т.Көмекбаев ауылында балаларының жанында сау-саламат тұрып жатыр.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
«Сыр бойы»

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjanama@mail.ru

 www.facebook.com/syrboyi.kz/	 https://twitter.com/syrboyi_kz	 www.instagram.com/syrboyi_kz		
Меншік иесі  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы- рыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".	e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 21035	Тапсырыс №159	Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА